Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№16 (1019)

23.04.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

САРҚАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ТАЛҒАТ ҚАЙНАРБЕКОВТЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚАНДАСТАР ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛА БЕРЕ МЕ?

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ АТАҚОНЫСЫНА ОРАЛҒАН ҚАНДАСТАРДЫ ҚОЛДАП, ҚОРҒАШТАУДЫҢ ОРНЫНА, ӨЗЕГІНЕН ТЕУІП, КЕУДЕСІНЕН ҚАҒЫП, КЕРІ ИТЕРІП КЕЛЕМІЗ. ОРАЛМАНДАР ДЕП МҰҚАТТЫҚ. ЕЛБАСЫНА КҮН ТУҒАНДА, ҚАШЫП КЕТКЕНДЕР ДЕП КҮНДЕДІК, АЗАМАТТЫҒЫН АЛУДА ӘУРЕ-САРСАҢҒА САЛЫП, ЖҮНДЕДІК.МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЕМЕС, РЕСМИ ТІЛ, ОРЫС ТІЛІН БІЛМЕЙДІ ДЕП ТІЛДЕДІК.

Қойшы әйтеуір, «отырса опақ, тұрса сопақ» етіп жамап-жасқаудан танбадық. Қытайдың аз ұлттарға жасаған, құғын-сүргінін көріп, абақтыға түсіп, зорлық-зобалаңынан зәбір көргендер шекара бұзып, Қазақстаным қапыда қалтырмас деп қашып келді. Обалы не керек, соттатпадық, уақытша тұратын куәлік бердік. Азаматтық ала алмай, уақытша куәліктің мерзімі өтіп бара жатқан соң, Швеция, Түркия арқылы Америка асып кеткен қандастарымызда бар. Сонда «Қанына тартпағанның қары сынсын. Әр қазақ менің жалғызым» деген тәмсілі, Сабыр ақынның нақылға айналған отты жыры әдірем қалғаны ма?! Түрлі қиянат пен құжат жинаудан қажығандар «Отаным деп келгенде, көрген жақсылығымыз осыма еді» деп, жат өлкелеріне қайта көшіп кеткендер қаншама?! Орақпен алқымынан орып жібергендей «оралман» деген сөздің өзі, өңмендерінен өтетінін талай рет айтып мұңдарын шаққан-ды. Осы орынсыз атауға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзі араласып «Қандастар» деп айтылсын деген пікір білдірді. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды» дегендей, азаматтық алғаны бар, ала алмай жүргені бар, шағын кәсіп ашып шаруаларын дөңгелетіп жүр. Ақиқатын айтсақ, тұрғылықты халықтан гөрі, Монғолия, Қытайдан келген қандастарымыз мал шаруашылығына және жерді игеруге аса бейім болып шықты. Алдымызды орап кетті. Қызыға да, қызғана да, қарадық.

Ой, мына Қытайдан келген қазақтар жер, мал десе желімдей жабысады екен. Миллиардтардың ішінде жүріп, ұлтарақтай жердің қадірін түсініпті деп сүйіндік, күйіндік! Енді, сол, қандастарға кең байтақ Қазақстаннан жер телімін беруге енжар болып отырмыз. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» деп, сонда кімге айтып жүрміз! Алакөл, Сарқан аудандарын аралап, қандастардың қал-жағдайын біліп қайтқан «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Алматы облысы бойынша фронт-кеңсе жетекшісі Құрметбек Сансызбайұлы біраз мәліметтің шетін шығарды. Сарқанға 2012 жылы Қытай мемлекетінен көшіп келіп, 2013 жылы азаматтық алған Бейсенбек Көпбосын бауырымыздың ахуалын мәлімдеді. Аудан орталығы Сарқанға тұрақтаған қандасымыз ешкімге алақан жаймай, өз күшімен 200 бас ұсақ мал, 50-дей ірі қара өсіріп отыр екен. Алайда, өзіне бекітіліп берген жер телімі жоқ, қиналып жүргенін айтты. Қамығып жүрген қандасымызға қоңырау шалып, мән-жайды толығырақ білдік.

Бейсенбек Көпбосынның айтуынша, көшіп келген соң Шығыс Қазақстаннан 50 бас ұсақ мал сатып алыпты. Содан елдің қоспасын жиып, мал бағып кеткен. «*Өзімде малсақ жан едім. Ешкімге алақан жаймадым. Ақырындап мал басын көбейттім. Алайда, мал дәрігерлері малыңыздан бруцеллез шықты деп, өзімді де, әйелімді де ауруханаға жатқызды. Жиған малым шығынға кетті. Сүрініп, қайта тұруға тура келді. Қорқақтап, әкімдікке барып жер сұрамадым. Қазір 200 бас қой, 50-дей ірі қарам бар. Шіркін мал бағатын жер болса, қалғанын өзім жасап алар едім. Жер телімім болмағандықтан, Ақсу ауданындағы Жұлдыз деген адамның жерін жалға (арендаға) алып отырмын. Ол жерді бұрынғы ақы иесі Асқар деген кісі Жұлдыздан қайта сатып алыпты. Жақында келіп кетті. Әзірше, пайдалана тұр деді. Бір күні жерді босат десе, қайда барарымды білмеймін*» – деп ішкі назын айтты ол. -Малдарыңыздың бәрі сырғаланған ба? –деген сауалымызға орай ол: «Сырғаланған, мал дәрігерлері келіп тұрады. Тиісті ем-домын жасайды» – деді.

«Неге жер телімін сұрап, жергілікті әкімдікке бармадыңыз?» дегенімізде «жер бермейді» деген оймен жүре бергенін айтты.

Қалай десек те, мәселе, жергілікті билікте болып тұр. Елге қоныстанған қандастардың есеп-қисабын дұрыс жүргізсе, қандай іспен айналысып жүргенін біліп тұрса, мұндай келеңсізік болмас еді. Керісінше, өзі қарекет жасап, кәсіппен айналысып жүрген шаруаға Сарқан қаласының әкімдігі аудан әкіміне айтып, қолұшын созуы тиіс еді. Алайда, «сен тимесең мен тимен, бадырақ көз» дегендей, «Отандастар қорының» жетекшісі Құрметбек Сансызбайұлы арнайы бұл жаққа бармаса, жабулы қазан жабылып қала берер ме еді?!.

«Жыламаған балаға емшек бермейтінін» қандасымыз, азаматтық алған бауырымыз Бейсенбек Көпбосында кеш білген. Бес баласы бар, шағын кәсіп иесіне Сарқан ауданының әкімі Талғат Қайнарбеков өзі қолұшын созып, қандастарымызды қалтарыста қалдырмайды деп сенейік ?!

Айтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне II жарты жылдыққа жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
6 айға – 1820 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
6 айға – 2235,25 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
6 айға – 2350,40 теңге.

Полугодовая подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
6 месяцев – 1820 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
6 месяцев – 2235,25 тенге.
для сельского населения
6 месяцев – 2350,40 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ТАҒЫ БІР СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН 51 СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР. ОЛАР ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ, ЖҮГЕРІ, ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР, КӨКӨНІС, КҮРІШ, КАРТОП ЖӘНЕ ЖЕМ-ШӨП ӨСІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУДА ТҰРАҚТЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ.

Бұл орталықтарда 1200 бірліктен астам арнайы техника бар. Ал қажетті техника сатып алуға жалпы сомасы 11 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлініпті. Яғни, ортақ техниканың шарапатын аймақтағы үш жүзге жуық шағын және орта деңгейдегі шаруашылықтар көріп отыр. Осы сервистік-дайындау орталықтарын құру арқылы облыстың ауыл шаруашылығы салсында 1000 жуық тұрақты жұмыс орны ашылса, маусымдық науқан кезінде 12 000 адамға тағы нәпақа болады екен.

Жуырда Үйғыр ауданында да осындай сервистік-дайындау орталығы құрылды. Облыс әкімдігінің қолдауымен 550 млн. теңгеге қаржы бөлініп, «Алтын Дән Шонжы» орталығына 39 ауыл шаруашылығы техникасы, соның ішінде жоғары технологиялы тұқым сепкіш, комбайн және ілу құралдары сатып алыныпты. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Көктемгі егіс науқанында сервистік дайындау орталығының құрылуы өнір шаруалары үшін зор мүмкіндіктер беруде. Қазір сатып алынған барлық заманауи техникалар көктемгі дала жұмыстарына қолданылуда.

«Алтын Дән Шонжы» СДО бас директорының орынбасары Құралбек Бекмұханбетовтің айтуынша, Орталықтың техникалық паркі қазір Бахар ауылдық округінің аумағында іске кіріскен.

«Шаруа қожалықтарына техникалық қызмет көрсетумен, егін егу және өнім жинау науқандарында тракторлар мен комбайндардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен айналысамыз. Сонымен шектеліп қалмай, аудан алқаптарында өсірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін бір орталықта сақтау мен бір орталықтан тарату жұмысын ұйымдастырып, процестің басынан аяғына дейін қатысамыз. Сервистік дайындау орталығының қызметіне бізбен келісімшарт жасасқан кез келген шаруашылық жүгіне алады» – дейді Қ.Бекмұханбетов.

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ВАКЦИНА

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША, ӨҢІРДЕ ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАНЫҢ I КОМПОНЕНТІН 101 477 АДАМ САЛҒЫЗҒАН, ТАҒЫ 10 432 АДАМ II КОМПОНЕНТІН АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС САНИТАР ДӘРІГЕРІ ЕРҒАЛИ СЫДЫМАНОВ АЙТТЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЕКПЕ ЕККІЗГЕНДЕР САНЫ 100 МЫҢНАН АСТЫ

Өңірдің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметі бойынша, вакцинаның I компонентін салдырғандардың 17 мыңнан астамы – медициналық мамандар, 25 мыңдайы – педагогтар, сол секілді учаскелік полициялар, студенттер, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер және тағы басқалар бар.

II компонентін 7298 медицина маманы, 2801 педагог, сол сияқты учаскелік полициялар, мемлекеттік қызметшілер және басқалар салдырды.

Е.Сыдымановтың айтуынша, өңірде вакцинадан кейінгі кері әсер мен асқынулар тіркелмеген.

Атап өтсек, Алматы облысында 239 егу пункті, 134 көшпелі бригада жұмыс істейді. Әр пункт 7 мыңнан астам адамды қабылдай алады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

КЕҢЕС

ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ

Алматы облысында 5 мыңға жуық кәсіпкер бизнесті ашу және жүргізу бойынша сервистік қызметтер мен кеңестер алды. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде оларға қызмет көрсету орталықтары арқылы ақысыз негізде қаржылай емес қолдау көрсетілді.

Осы жылдың I тоқсанында өңірдің 635 кәсіпкеріне 637 сервистік қызмет көрсетілген, сондай-ақ 4249 кәсіпкер мен кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғынға 4320 консультациялық қызмет берілген. «Негізінен ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер ЖК, ЖШС тіркеу немесе қайта тіркеу, бизнес-жоспарды әзірлеу, бухгалтерлік-салықтық есептерді тапсыру сияқты қызметтерге жүгінеді. Аталған кезеңде кәсіпкерлер палатасының менеджерлері жалпы сомасы 5,9 млрд. теңгеге 188 бизнес-жоспар әзірлепті. Оның ішінде 1,5 млрд. теңгенің 32 жобасы жүзеге асырылатындығын атап өтті Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов.

Кәсіпкерлер үшін барлық қажетті қызметтер өтеусіз болып табылады. Сондай-ақ, барлық қызметwww.g4b.kz ҚР ҰКП платформасы арқылы онлайн режимде толық көлемде ұсынылмақ. Бұл, әсіресе, шектеу шаралары мен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты аса маңызды болып табылмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БРИФИНГ

«ASHYQ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ «ASHYQ» ЖОБАСЫНА ҚОСЫЛДЫ. КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНДАРЫНЫҢ ІШІНДЕ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ҚАЛАЛЫҚ «FORTUNA» КАФЕСІ QR-КОДТЫ АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISÝ MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН БРИФИНГ БАРЫСЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ ДӘУРЕН ОНАЛБАЕВ ХАБАРЛАДЫ.

Сондай-ақ, баспасөз мәслихатына Талдықорған қалалық СЭБ басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Мелдебаев, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Сәуле Арзанбекова қатысты.

Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дәурен Оналбаев «Ashyq» жоба вирустың таралу қаупін азайтып, карантиндік шаралар кезінде өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қосымшаны пайдалану бизнес объектісіне шектеу шараларына қарамастан, тіпті локдаун жағдайында да жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жоба QR-код және ПТР дерекқорымен интеграция есебінен келушінің мәртебесін - ол вирустың тасымалдаушысы болып табыла ма, жоқ па екенін анықтауға мүмкіндік береді. Кіре берісте адам оның мәртебесін анықтау үшін QR кодын сканерлейді және түсіне байланысты, келушінің мәртебесін белгілейді. Түске сәйкес келушінің нысанға кіру-кірмеуі анықталады.

«Fortuna» кафесі Талдықорған қаласындағы мобильді қосымшасын пайдаланған бизнес субъектілері арасында бірінші нысан болды. Тестілеу жүйесі бизнес объектісі үшін де, мекемеге келушілер үшін де қолдану өте оңай екенін көрсетті. Қазіргі уақытта «Ashyq» жобасына қатысуға 17 өтінім келіп түсті. Барлық жаңа қатысушылар үшін қатысуға өтінімдер infokazakhstan.kz сайты арқылы беріледі. Кинотеатрлар, қоғамдық тамақтану объектілері, қосымша білім беру ұйымдары өтінімдерді салалық қауымдастық арқылы береді», - деп атап өтті Дәурен Оналбаев.

Айта кетсек, QR-код тек бизнес субъектілеріне беріледі. Жобаның талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін жеке кабинетте бір апта бойы оқуға және тест режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін код пайда болады.

Келушілерге App Store және Play Market-тен "Ashyq" мобильді қосымшасын жүктеу, телефон нөмірі бойынша авторлану, ЖСН енгізу және өзінің баруын тіркеу үшін мекеменің QR-кодын сканерлеу қажет. Сондай-ақ, шығу кезінде шығуды бекіту үшін QR кодын сканерлеу керек.

Келушіде смартфон болмаған немесе осы мобильді қосымшаны жүктеу кезінде қиындықтар туындаған жағдайда жауапты тұлғаға-мекеме қызметкеріне қосымшада рөл беріледі, оның көмегімен ол келушінің ЖСН енгізу арқылы кіруін тіркей алады. Сонымен қатар, бизнестің өзі клиенттің мәртебесін ғана көреді: жасыл, көк, сары немесе қызыл. Ол адам туралы басқа деректерді көрмейді.

Қызыл мәртебе қозғалысты шектеуді, амбулаториялық бақылаудағы адамдар үшін үйді оқшаулаудың қатаң режимін сақтауды білдіреді.

Сары-қозғалысты ішінара шектеу-пайдаланушы ПТР дерекқорында жұқтырған науқаспен байланыста болғандығы жөнінде көрсетілген: пациент үйде оқшаулану режимін сақтай отыра, үйінен 500 метр жерден аспайтын азық-түлік және аппараттық дүкендерге, дәріханаларға баруға рұқсат етілген.

Көк – бұл мәртебе үшін ПТР міндетті болатын жерлерден басқа қозғалыс шектеулері деректер көзінде жоқ.

Жасыл күй қозғалыста ешқандай шектеулер жоқ екенін білдіреді және бұл пайдаланушы дерекқорда covid-19 теріс нәтижесі бар ПТР-тестілеуден өткен адам ретінде көрсетілген.

Қазіргі уақытта Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасында бизнес-қоғамдастықпен «Ashyq» жобасы бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілуде және жобаға қатысуға ниет білдірушілердің тізімі жасақталуда. «Ashyq» қосымшасына қатысты барлық сұрақтар бойынша «Атамекен» ӨКП жүгінуге болады. Анықтама тел.: 8 705 1900000 және 8 701 5872159.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

КАК АННУЛИРОВАТЬ ЗАЯВЛЕНИЕ НА ПЕРЕВОД ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ В ДОВЕРИТЕЛЬНОЕ УПРАВЛЕНИЕ В УИП?

На сайте enpf.kz появился новый сервис

С января 2021 года вступили в силу законодательные нормы, предоставляющие гражданам право использования части своих пенсионных накоплений не только для улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения, но и для передачи в инвестиционное управление управляющим компаниям (управляющим инвестиционным портфелем – УИП).

Пенсионные накопления вкладчика могут быть переданы в управление УИП:

- в размере, не превышающем разницы между фактической суммой пенсионных накоплений вкладчика в ЕНПФ и порогом минимальной достаточности пенсионных накоплений; либо

- в размере, не превышающем остатка пенсионных накоплений на счете вкладчика в ЕНПФ, в случае наличия заключенного договора пенсионного аннуитета со страховой организацией, предусматривающего пожизненные выплаты.

Для перевода пенсионных накоплений одному или нескольким УИП вкладчику необходимо обратиться в ЕНПФ с заявлением. Заявление может быть подано через личный кабинет на сайте enpf.kz либо при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ.Пошаговая инструкция перевода пенсионных накоплений УИП размещена на сайте enpf.kz в разделе «Услуги»-«Перевод части накоплений в доверительное управление УИП»

ЕНПФ осуществляет перевод части пенсионных накоплений, превышающую сумму достаточности, в доверительное управление УИП в течение 30 календарных дней после даты поступления заявления от вкладчика. До момента перевода заявленной суммы управляющему инвестиционным портфелем вкладчик может изменить свое решениео переводе части накопленийв доверительное управление и аннулировать свое заявление.

Приняв такое решение, вкладчику необходимо обратиться в ЕНПФ с заявлением, которое может быть подано при личном обращении в любое региональное отделение ЕНПФ с документом, удостоверяющим личность, либочерез Личный кабинет на сайте enpf.kz , где заработал новый сервис аннулировании заявления на перевод пенсионных накоплений в доверительное управление УИП.

При подаче заявления об аннулированиичерез Личный кабинет на сайте enpf.kz необходимо выполнить следующие действия:

• сначала необходимо авторизоваться в Личном кабинете;

• далее переходим в подраздел Личного кабинета «Услуги» - «Мои заявления на выплаты / переводы»;

• после нужно убедиться, что статус заявления, который хотите аннулировать имеет статус - «Принято к обработке»;

• далее при просмотре деталей данного заявления для выбора будет активна кнопка «Аннулировать»;

• следующем шагом необходимо ознако-миться и выразить согласие/несогласие с предоставленной информацией, и подписать заявление личной ЭЦП.

Отметим, что при необходимости есть возможность просмотреть и (или) скачать заявление об аннулировании.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

ПОЛОВИНА ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ КОНТРОЛИРУЕТ СВОИ НАКОПЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ИНТЕРНЕТ



АО «ЕНПФ» проводит постоянную работу по информированию вкладчиков (получателей) о состоянии своих индивидуальных пенсионных счетов (ИПС).

Узнать о состоянии своего ИПС можно непосредственно при личном обращении в офисы ЕНПФ, а также путем получения выписки традиционной почтой и электронными способами.

Наиболее популярный способ информирования о состоянии ИПС на сегодняшний день –электронный. На 1 февраля 2021 года его выбрали более 6,7 млн владельцев ИПС. При этом о состоянии 5 876 269 счетов вкладчики и получатели узнают через личный кабинет на сайте enpf.kz или в мобильном приложении ENPF. Численность выбравших такой способ информирования за год увеличилась на 248 531 человек.

Выписку посредством электронной почты на адрес, представленный в ЕНПФ, получают 836 399 вкладчиков. Напомним, что согласно данному способу информирования, выписка с ИПС приходит вкладчику по электронной почте согласно выбранному графику.

Стабильно теряет популярность информирование по традиционной почте. На 1 февраля 2021 года данным способом контролируют ИПС 1 268 206 вкладчиков, это на 81,9 тыс меньше, чем на 1 февраля прошлого 2020 года. Напоминаем, что, если вкладчик все-таки предпочитает получать выписку с ИПС раз в год традиционной почтой, но при этом изменил адрес проживания, то ему необходимо поставить об этом в известность Фонд. Законом РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» предусмотрено, что сделать это необходимо в течение 10 дней после смены адреса. В противном случае почтовый оператор не сможет доставить выписку с ИПС адресату, и она вернется в Фонд. На следующий год ЕНПФ не будет отправлять выписку с ИПС такому вкладчику.

ЕНПФ напоминает о необходимости постоянно контролировать свой пенсионный счет любым удобным способом, чтобы быть уверенным в его регулярном пополнении и планировать будущую пенсию.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

● ОБУЧЕНИЕ

«ОБРАЗОВАНИЕ В НОВОЙ РЕАЛЬНОСТИ: УРОКИ ПАНДЕМИИ»

«Образование в новой реальности: уроки пандемии» проанализировали на круглом столе в NIS, к которому подключились более тысячи учителей из всех регионов страны.

Наступила ли новая реальность в образовании и какие факторы способствовали этому? Именно с ответов на принципиальные вопросы начала свое выступление председатель правления автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» Куляш Шамшидинова.

Американский футуролог Элвин-Тоффлер говорил, что «Безграмотными в 21 веке будут не те, кто не умеет читать и писать, а те, кто не умеет учиться, разучиваться и переучиваться». Действительно, сегодня новые технологии меняют образовательные потребности, а будущее формируется через устойчивость к потрясениям и неопределенностям. Образование проходит через цифровую трансформацию, которая предполагает развитие цифровой инфраструктуры образования и цифровых учебно-методических материалов, инструментов и сервисов, включая цифровое оценивание, а также разработку и распространение новых моделей в организации учебной работы, – подчеркнула Куляш Ногатаевна.

Из Англиик NIS подключился один из самых авторитетных ученых в области образования, эксперт по счастью и благополучию детей Энди Коуп. И сразу призвал к революции: Но это не радикальная революция я не призываю вас идти маршем в парламент и требовать перемен. Я призываю к тихой революции ,революции счастья и благополучия. Для того, чтобы провести революцию, мне нужно доказать, что нынешнее образование требует изменений.

Логично возникает другой принципиальный вопрос. Миссия учителя в эпоху турбулентности– этому актуальному вопросу было посвящено выступление заместителя председателя правления автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы» Светланы Испусиновой:

Одним из важнейших уроков, которые преподнесла пандемия, по мнению профессора Харгривза, является то, насколько быстро учителя смогли адаптироваться к изменениям и перестроить свою практику. Мы убедились, что традиционные школы нам будут нужны всегда, а учитель при любой трансформации его роли останется незаменимым.

Светлану Багитовну личным примером поддержал известный ученый из Литвы, эксперт Европейского Банка реконструкции и развития ДарюсРадкявичюс:

Что теряет ученик при дистанционном обучении? Магический авторитет учителя: то, что говорит отец, – спорно, то, что учитель, – чистая правда. Живой контакт глазами нельзя заменить. Что еще теряет ученик? Самое главное – радость познания в групповой работе, друг друга вдохновляющая энергетика, совместные путешествия и праздники. И что теряет учитель? Это esprit – живой резонанс души и ума, дидактическое воодушевление, когда ты видишь рядом радостных детей и когда у них блестят глаза.

Особый интерес педагогов вызвали выступления об уроках пандемии и внедрении дистанционного обучения директора средней школы имени Қожаберген жырау Жамбылского района Северо-Казахстанской области Бауржана Мусабаева и учителя математики Шубаркудукской школы-гимназии №1 Темирского района Актюбинской области Нургуль Абдуллаевой. Учитель уральской школы-гимназии имени Д.Кунаева Айжан Жанатова, как и литовский спикер, в первую очередь поделилась личным опытом: как не потерять желание детей учиться, создавать обратную связь и мотивировать учеников в ситуации эмоционального выгорания и неуверенности.

Многие участники круглого стола, познакомившись с повесткой дня, подключились на конкретных спикеров. Начальник отдела анализа, исследований и управления проектами Центра образовательных программ Самат Кальменов анализировал цифровизацию и постковидное обучение как шоковую инновацию и новые возможности, а также, что необходимо учесть при переосмыслении учебных программ? Выступление директора Центра педагогических измерений АйданыШилибековой было посвящено более, чем актуальной теме – оцениванию в новых условиях и его будущему.

Новой темой для многих педагогов стало создание дружественной и безопасной среды для детей, один из главных трендов в мировом образовании проанализировала директор Департамента благополучия учащихся Динара Уалкенова.

Круглый стол стал успешным уроком для тысячи учителей Интеллектуальных и общеобразовательных школ, подключившихся к профессиональному разговору. Абсолютное большинство педагогов работает в средних школах, которые объединяют с Интеллектуальными различные партнерские проекты. Это «Сельская школа poweredby NIS» по Акмолинской, Северо-Казахстанской и Восточно-Казахстанской областям, «Біз біргеміз» по Мактааральскому району Южно-Казахстанской области, средняя школа имени С.Сейфуллина села Ахмет Нуринского района Карагандинской области – по проекту амбассадора Global Teacher Prize 2021 Динары Бейсембаевой и многие другие школы.

Все педагоги отметили актуальность и востребованность профессиональной рефлексии о новой реальности в образовании и определении главных тенденций для каждой школы в формате пандемии.

Круглый стол по урокам пандемии – первый из серии круглых столов по стратегическим трендам в мировом образовании, запланированных в рамках юбилейного проектаNIS, посвященного 180-летию Ибрая Алтынсарина.

Карина ПФАЙФЕР

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚЖОЛТАЙ ХАБАР

ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАДА БІРЕГЕЙ ОТА ЖАСАЛДЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАСЫНДА АЛҒАШ РЕТ «АРТҚЫ ОКЦИПИТОСПОНДИЛОДЕЗ» ОТАСЫН ЖАСАУДАН МАСТЕР- КЛАСС ӨТТІ.

Артқы окципитоспондилодез операциясы – бұл сүйектердің байланыстыратын әлсізденген бөлігін, желке сүйектері мен жоғарғы мойын омыртқасын бір-біріне бекіту арқылы жүргізілетін, технологиялық жағынан күрделі әрі медицинадағы өте сирек кездесетін ота. Облыстық ауруханаының нейрохирургы Нұржан Тәшімовтың айтуынша, мұндай операциялар Алматы облысында жылына санаулы түрде ғана жасалады. Яғни, күрделі жарақат дәрігерлер тәжірибесінде жиі кездеспейді екен. Алайда, жол-көлік оқиғасынан кейінгі науқастың ауыр жағдайында бұл отаны жасаудың барлық көрсеткіші болған. Оқыс оқиға салдарынан азаматтың екінші мойын омыртқасы сынған. Осының салдарынан науқас мойнын бұру кезінде ауырсынуды сезінгендіктен, оны басатын дәрілер де еш көмектеспей, мұның жолы тек ота жасау болған.

Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Президенті іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасының нейрохирургы Сансызбаев Айбол Батырханұлы облыстық ауруханаының нейрохирургтарымен бірге мойынның екінші омыртқасын шүйде сүйегімен бекіту бойынша мастер-класс өткізілді. Бірнеше сағатқа созылған ота сәтті өтіп, науқас жағдайы тұрақталғанға дейін жан сақтау бөлімінде бақылауда болатындығын айтқан еді Айбол Батырханұлы.

Міне, ота жасалғалы арада екі айдай уақыт өтті. Науқас Берікқазы Тілеубек бүгінде өзін жақсы сезінуімен қатар, қимыл-қозғалыс функциялары қайта қалпына келуде екенін айтты. Облыстық ауруханаға оңалту емін қабылдауға келген науқаспен тілдесудің сәті туды.

«Ақпанның екісі күні жол апатына ұшырадым. Өте ауыр халде Ақсу аудандық ауруханасына түстім. Шынын айтсам, сол кездегі күйімді ешкімнің басына бермесе екен деп тілеймін. Есімді жиған сәттен қатты аурсынуды сезіндім, бірақ не болғанын түсіне алмадым. Тілім күрмеліп, сөйлеуден қалдым, басымды



да қозғалта алмай, денемнің бір жағы тіптен жансызданып қалғандығын ұқтым. Ақпанның бесі күні облыстық ауруханаға жеткізілдім. Бір Алланың және облыстық ауруханадағы алтын қолды нейрохирургтардың арқасында мына жарық дүниеге екінші мәрте қайта келдім десем болады. Қазір, Құдайға шүкір. ақырындап тұрып, көбірек қимыл жасауға да бел буып келемін. Бұл мен үшін үлкен қуаныш әрі бақыт. Егер біздің ауруханада осындай дәрігерлер болмаса... өліп яки төсек тартып, мәңгілік сал болып қалар ма едім, кім біледі?! Осындай «ақ халатты періштелерге» шынайы алғысымды білдіргім келеді. Тек қана дәрігерлер ғана емес, осы ауруханада еңбек етіп келетін медбикелер мен санитаркаларға рахметімді айтамын. Олардың қай-қайсысы да бойындағы бар күш-жігерін сарп етіп, мамандығына деген шексіз махаббатын таныта отырып, небәрі екі айдың ішінде мені осындай дәрежеге жеткізді. Тек емдеп қана қойған жоқ, барынша қолдау танытып, қолпаштады. Жансақтау бөлімінде өткізген жиырма күнімде де ақ желеңді абзал жандардың шексіз мейіріміне бөлендім. Жақсы жандардың жасаған жақсылығының арқасында осындай халге жеттім. Гиппократ антына адал жандардың алдында басымды иіп, ақ жүрегіммен рахметімді айтамын» – деп ағынан жарылды кейіпкеріміз Берікқазы Тілеубек.

Осы уақытқа дейін отағасы үшін алаңдап, аман қалса екен деп тілеуін тілеген Берікқазының жан жары Нұржамал да біргей ота жасап, жұбайына екінші мәрте өмір сыйлаған жандардың ісіне ризашылығын білдірді.

«Жолдасым жол апатына ұшырап, ауруханаға түскенінде өте ауыр халде болатын. Қазір жағдайы жақсарып келеді. Қорқынышты күндер мен түндер артта қалды. Бір Алланың және дәрігерлердің арқасында арамызға қайта қосылып келеді. Дер кезінде қолұшын созып, Құдай қосқан қосағымның өміріне араша болған ақ желеңді абзал жандарға деген алғысым шексіз. Осы аурухананы басқарып отырған бас дәрігер Анарбек Монголға, нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Ермек Бабажановқа және тікелей емдеуші дәрігер Нұржан Тәшімовке, Айрат Жүнісовке және сонау Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген Айбол Сансызбаевқа туыстарымның, досжарандарымның, балаларымның атынан аналық алғысымды білдіремін. Аяқтарынан тік тұрып, бес сағатқа созылған күрделі ота жасаудың өзі олардың мамандықтарына деген шынайы сүйіспеншілігі мен адам өмірін аман сақтап қалуда жұмсаған күш-жігерінің арқасы деп ойлаймын. «Алтын қолды» абзал жандардың еңбегіне жеміс тілеймін. Осындай білікті, білгір дәрігерлеріміз барда еліміздің медицинасы да көркейе беретіндігіне сенімім мол» – дейді Нұржамал Сейдахмет.

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханаының нейрохирургиялық бөлімінің басшылығы мен қызметкерлері академик, профессор, медицина ғылымдарының докторы Серік Ақшолақовтың жетекшілігімен Нұр-Сұлтандағы Ұлттық нейрохирургия орталығы дәрігерлерінің мұндай операцияларды өткізуде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Орталық ел аймақтарымен жақсы байланыс орнатқан. Нейрохирургтардың кәсіби біліктілігін арттыру, сапалы медициналық көмек көрсетуде орталық мамандары аймақтарда шеберлік сабақтарын өткізеді. Бұл операция Ұлттық нейрохирургия орталығы мен Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханасы арасындағы ынтымақтастықтың жарқын көрінісі болып табылады.

Қазіргі таңда Берікқазы Тілеубек үйінде, отбасы мен достарының ортасында. Дегенмен, оның алдында оңалтудың ұзақ жолы күтіп тұр. Алдағы уақытта да үлкен жетістіктерге жететіндігіне еш шүбә келтірмейміз. Ал, науқасты осындай дәрежеге жеткізген нейрохирургтарға жоғары кәсіби жұмыстары үшін алғыс айтамыз және адам денсаулығы үшін күресіп келетін еңбектеріне жеміс тілейміз.

P.S. Иә, медицина деген шексіз мамандық. Осы бір шексіздікте әр дәрігер өз биігін бағындырады. Дәрігерлер, әсіресе кәсіби хирургтар – бейбіт өмірде қаһармандық қадамға баратын кадр сыртындағы батырлар. Облыстық аурухананың нейрохирургтары да сондай батырлардың бірегейлері. Бірақ олар жалғанға жар салып, қарапайымдылық қалыптарынан айнығаны емес. Тек өздері емдеген адамдардың шын жүректен айтқан алғыстарын естігенде ғана көңілдеріне қанат біткендей марқайып, масаттанады....

Сарби ӘЙТЕНОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС IV СЕССИЯСЫ ӨТТІ. ОҒАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ ЖАНБОЛАТ ЖӨРГЕНБАЕВ, ДЕПУТАТТАР МЕН БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. СЕССИЯ ЖҰМЫСЫН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ ГҮЛНӘР ТОЙЛЫБАЕВА ЖҮРГІЗДІ. КҮН ТӘРТІБІНДЕ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

«Алматы облысының 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №64-339 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу турасында баяндама жасаған облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Жомарт Әмірхановтың сөзіне жүгінсек, республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 5,4 млрд. теңге бөлініпті. Оның ішінде халықты иммундау үшін коронавирус инфекциясына қарсы вакциналарды және өздігінен блокталатын шприцтерді сатып алуға (ҚРҮ резервінен) 5,2 млрд. теңге, ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын арттыруға 176,7 млн. теңге қарастырылған. Сонымен қатар, 32,6 млрд. теңгеге мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару жоспарлануда екен. Бұл ретте 2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін 25,1 млрд. теңге, кредиттік үйлер құрылысына 7,5 млрд. теңге бағытталмақ екендігін де тілге тиек етті баяндамашы.

Өз сөзінде ол бюджет қаражатының өткен жылғы қорытындысы бойынша қалыптасқан бос қалдықтары есебінен 9 млрд. теңге, оның ішінде Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы шеңберіндегі жобаларды аяқтауға 5,2 млрд. теңге бағыттау ұсынылатынын да айтты.

Бюджет заңнамасының нормаларына сәйкес пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттер ағымдағы қаржы жылы жоғары тұрған бюджетке қайтаруға жатады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджетке қайтаруға жататын трансферттердің қалдығы 804,6 млн. теңгені құрайды. Республикалық бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару 167 мың теңге.

Биылғы жылдың I тоқсанында кірістер көлемі 129,8% (нақты түсім – 77,7 млрд.теңге, жоспар 59,9 млрд.теңге) орындалғанын ескере отырып және шұғыл шешімін талап ететін шығындарды қаржыландыру мақсатында салықтық түсімдер болжамын 7 млрд. теңгеге арттыруға ұсыныс енгізіліп отыр. «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы аясында Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Осы іс-шараларды іске асыруға 1,5 млрд. теңге бағыттау ұсынылады. Сонымен қатар, жергілікті бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арасында қайта бөлу есебінен (ағымдағы шығыстар, құрылыс, күрделі жөндеу бойынша үнемдеу) мынадай ұсыныстар енгізіледі, – деді.

Атап айтсақ, «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» 1-функционалдық топ бойынша басқару органдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға және ұстауына 1,1 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. «Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік» 3-функционалдық топ бойынша ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 100 млн. теңге қаражат қарастырылуда. Осы функционалдық топтың даму бюджетінің шығындары – 64,2 млн. теңгені құрады. Оның ішінде Райымбек ауданының Нарынқол ауылында 2 шығуға арналған өрт сөндіру депосының құрылысын бастауға және Ақсу және Сарқан аудандарында 4 учаскелік полиция пункттерінің құрылысын аяқтауға қаржы қарастырылуда.

«Білім беру» 4-функционалдық топ бойынша ағымдағы шығындарға қосымша 2,5 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. Бұл ретте білім беру нысандарына күрделі жөндеу жүргізу, мектептерде бейнебақылау жүйелерін орнату, мектеп кітапханаларын жаңғырту, білім беру ұйымдарында пандустар орнату көзделуде.

Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы аясында 6 білім беру нысаны бойынша күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауға 1,1 млрд. теңге қарастырылған. «Жалын» жазғы лагерінің құрылысына, Кербұлақ ауданында 50 орынды Өнер мектебінің құрылысын аяқтауға да арнайы қаржы бөлінетіні туралы да айтылды. «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау үшін Қаратал, Көксу және Ұйғыр аудандарында 1200 орынды 3 мектептің және Талдықорған қаласындағы музыкалық колледж үшін 100 орынды жатақхананың құрылысын бастау көзделуде екен.

Баяндамашы сөзінше, «Денсаулық сақтау» 5-функционалдық топ бойынша ағымдағы шығындарға қосымша 1,1 млрд. теңге бөлу жоспарлануда. Бұл қаржы коронавируспен күреске тартылған медицина қызметкерлерінің тамақтануына және тұруына, денсаулық сақтау нысандарын газбен жылытуға қосуға, «Жедел жәрдем» көліктері үшін бейнебақылау жүйелерін сатып алу және лизингке сатып алынған автокөліктерге сервистік қызмет көрсетуге, Кеген ауданына қарасты Алғабас ауылындағы дәрігерлік амбулаториясын күрделі жөндеу жұмысына, №1 қалалық емханасына жылжымалы флюоромобиль сатып алуға, жеделсатыларды ауыстыруға, денсаулық сақтау нысандарын ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын болады. Осы функционалдық топтың даму бюджетінің шығындары – 225,1 млн. теңгені құрады. Бұл қаражат Талдықорған қаласының Еркін ауылында 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысын, «Талдықорған қаласындағы 300 төсектік көпбейінді аурухана» жанындағы патологоанатомиялық бөлімше құрылысын және Жамбыл, Қарасай аудандарында 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория құрылысын аяқтауға бағытталмақ екен.

Ал, әлеуметтік көмектің ағымдағы шығындарына қосымша 883,6 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Бұл қаржы Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға біржолғы көмек төлеуге, қосымша кепілдендірілген әлеуметтік пакет шығындарына, санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге, психоневрологиялық аурулары бар ересектер мен мүгедек балаларға арналған жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге, белсенді ұзақ өмір сүру және «Тең қоғам» орталықтарын ашуға жұмсалмақ.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бойынша ағымдағы шығыстарға 2,6 млрд. теңге қарастырылуда. Ол елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру және көгалдандыруға, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға, Талғар ауданының трансформаторлық қосалқы станцияларын және электр беру желілерін ағымдағы жөндеуге, көп қабатты тұрғын үйлердің шатыры мен қасбеттерін жөндеуге, басқа да мақсаттарға бағытталмақ. Сонымен қатар, мәдениет саласының ағымдағы шығындарына қосымша 883,5 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Ол қаражатты Ж.Жабаевтың 175 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар өткізуге, «Жасөспірімдерге арналған үйірмелер үшін мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруға, Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылдық Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауға, мәдениет нысандарын ағымдағы жөндеуге, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін мәдениет нысандарын бейімдеуге, мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мәдениет мекемелеріне ғимарат сатып алуға, басқа да шығындарға жұмсау көзделуде.

Дене шынықтыру және спорт саласы бойынша ағымдағы шығындарға 1,1 млрд. теңге қарастырылған. Бұл қаржы бұқаралық спортты дамыту және балаларды қамту үшін балалар-жасөспірімдер спорт мектебін ашуға, жеңіл атлетиканы дамыту үшін спорттық құрал-жабдық сатып алуға, спорттық іс-шараларды өткізуге, «Еңбекшіқазақ ауданы №2 БЖСМ» КММ жеңіл автомашинасын сатып алуға, балалар санының ұлғаюына байланысты Талдықорған қаласының олимпиадалық резерв колледжі мамандандырылған мектеп-интернатынан қосымша топтарды ашуға 6 штат бірлігін енгізуге жұмсалмақ. Сонымен қатар Талдықорған қаласындағы жабық жүзу бассейніне инженерлік желілерінің және Райымбек ауданының Нарынқол ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, Райымбек ауданындағы мұрағат ғимараты құрылысын аяқтауға да қаражат бөлінбек.

Көлік және коммуникация саласы бойынша қала, ауылішілік және облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге, Қапшағай және Текелі қалаларында көп балалы аналарды қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен, тегін жол жүру үшін әлеуметтік қолдауға да қаржы қарастырылған.

Келесі кезекте «Алматы облысы Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округінің жерінде дене шынықтыру – сауықтыру кешенінің құрылысы және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» 2019 жылғы 16 шілдедегі №49-249 шешіміне өзгеріс енгізу, «Қарасай ауданының Қырғауылды ауылындағы мектепке дейінгі білім беру қызметін көрсету үшін жекеменшік нысан – балабақшаны жөндеу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» 2018 жылғы 7 қарашадағы №36-194 шешіміне өзгеріс енгізу, «2018 жылға мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» 2018 жылғы 18 сәуірдегі №30-161 шешіміне өзгеріс енгізу, «Талдықорған қаласындағы жабық жүзу бассейн құрылысы және пайдалануы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» 2019 жылғы 25 ақпандағы №43-226 шешіміне өзгеріс енгізу мәселелері де қаралды.

Сессия барысында Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңымен айқындалған қызметтер мен міндеттерді жүзеге асыруы, 2019-2021 жылдар аралығында атқарған қызметі және құзыретті органдар тарапынан айқындалған кемшіліктерді жою бойынша Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Мейрам Мұсаевтың да есебі тыңдалды. Оның айтуынша, 2019-2020 жылдары жалпы мемлекеттік аудитпен 776 239,7 млн. теңге бюджет қаражаттары мен мемлекет активтері қамтылып, 25 988,3 млн. теңге Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзгеде заңдарының бұзушылықтары және 649 рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталған. Мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдамалық іс-шаралардың қорытындылары бойынша мемлекеттік аудит нысандарына 376 тапсырма мен ұсынымдар жолданған. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша 120 материал процессуалдық шешім қабылдау мақсатында құқық қорғау органдарына берілген. Есепті кезеңде жалпы саны 156 лауазымды тұлғаға 11,3 млн. теңге әкімшілік айыппұл салынып, мемлекеттік аудит объектілерінің 259 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Аудиторлық іс-шара бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 4 759,1 млн. теңгені құраған. Соңғы мәселе бойынша облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, құқықтық тәртіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, депутаттық өкілеттіктер мен этика мәселелері бойынша тұрақты комиссиясының төрағасы Асқар Сүлейменов те қосымша баяндап өтті.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Дүйсенбі - Понедельник, 26 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05Д/ф «Қазба қазыналары»
06.30«Masele»
07.00«Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«Қызық екен...»
13.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
13.00,21.30 Т/х «Ахмет Ясауи»
14.00,02.10«Теледәрігер»
15.00 «Арта»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Алтын бесік»
17.20 ,01.35«Ораза қабыл болсын»
20.35,00.45 «Ashyq alan»
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.30«Тәуіп Хо Жун»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00«ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.10 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕВТЕР-3»
13.15, 23.30 Т/х «ЕГІЗ ЖҮРЕК»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ (МЕНТАЛИСТ)»
18.00 «Я,Алекс Кросс»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00Итоги дня

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00,15.30,03.05«Үздік әзілдер»
07.30 «Союзмультфильм»
08.00,14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
14.50 «Интерны»
16.20«Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10ASTANA TIMES
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.50 «АЛМАСАЙ»
04.35 «БІЗДІҢ АУЫЛ»
05.05 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00, «Ғашықтар»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.10, 03.25 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30«Qoslike»
18.30,02.55«Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Т/х «Пять минут тишины.Новые горизонты»
00.30 «Северное сияние»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.10 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «КТК»қоржынынан»
07.30 «Мәссаған.KZ»
08.40«ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
09.10Т/х «Жимаудың жетістігі»
10.00 «Иная реальность» (повтор)
10.40 «Держи меня за руку»
14.20 «Любовь по ошибке»
16.20,01.20 «Жить ради любви»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Хороший парень»
23.35«Немедленное реагирование»
02.05 Астарлы ақиқат
02.50 «Той Best»
03.50 «Жимаудың жетістігі»
04.30-05.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Спорт»
17.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 «Бүгінгі дін»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 13-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00,04.50 1001 анекдот
06.00 «Армагеддон»
06.50 «Неге?»
08.00 «Легенда о колоарате»
11.00 Т/х «Ананди»
12.30«Өмір өзен»
14.10 «What'Up?»
14.30 М/ф «Илья Муромец и соловей разбойник»
16.30 «ТАКСИ»
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00Информбюро
21.00 «Повелитель солнца»
22.20 «Уличный боец»
00.40«Кел, татуласайық!»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,«Қуырдақ»
06.30 «Айна-online»
07.30, 02.30«Q-елі»
08.00, 01.30 «Ата-ана, бала-шаға»
09.00 Т/с «Ящик Пандоры»
13.00, 22.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
15.00 «Зың-зың Кулпәш»
16.00 Т/с «Крепостная»
16.45 «ПСИХОЛОГИНИ»
18.20, 00.00 «Вдова»
19.20 «Куба»
21.00 «Няняman»
21.30 «Тойхана»
05.10 «Изоляция»

Сейсенбі - Вторник, 27 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

Телерадио хабарлырын тарату орталығына профилактилық жұмыстарға байналысты 2021 жылғы,27 сәуір,сейсінбі күні 16.55 дейін «Qazaqstan» телеарнасының хабарлары көрсетілмейді.
16.55,04.25 Әнұран
17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
17.20 «Ораза қабыл болсын»
18.00 Т/х «Асау толқын»
20.35 «Ashyq alan».
21.30 Т/х «Ахмет Ясауи»
07.00 «TANSHOLPAN» .
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол.УЕФА Чемпиондар лигасы.1/2 финал.
03.35 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.15 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-3»
13.15,23.30 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 «Пассажир»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»

АСТАНА

Профилактика
17.00,03.05 «Үздік әзілдер»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
21.00 Т/с «Қызым»
22.00 Т/х «Тұмарым»
23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ғашықтар»
06.40,04.05 «Той заказ»
07.10,03.25 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Пять минут тишины. Новые горизонты»
00.20 «Северное сияние. Шорох крыльев»
01.20 «Свадьбы и разводы»
02.10 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.30 Т/х «Улы тамшылар»
09.40 «Мерекелі концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
12.00,23.35 «Немедленное реагирование»
14.00,21.40 «Хороший парень»
16.10,01.20 «Жить ради любви»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.50 «Той beststar»
03.50 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.50-05.00 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 14-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 1001 анекдот (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.50 «Информбюро»
08.40 «What'Up?»
09.50, 15.20 Экстрасенсы-детективы
11.00,23.30 Т/х «Ананди»
12.30 Т/х «Күн әміршісі»
14.10 Т/х «Восьмедисятые»
16.30 «Тахі»
17.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х « Врач»
01.00 Кел татуласайык
03.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 1001 анекдот
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

Профилактика
17.00,02.10 Т/х «Психологини»
18.20,00.00 Т/х «Вдова»
19.00 Т/х «Куба»
21.00 «Няняman»
21.30«Изоляция»
22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
01.10 Т/х «Крепостная»
03.10 «Ата-ана.Бала-шаға»
04.00 «Q-елі»
06.30 «Айна online»
05.10 Т/х « Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 28 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Қазыналы Қазақстан»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00, 21.30 Т/х «Ахмет Йасауи»
13.00 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Ауылдастар»
16.30 «Келбет»
17.20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 Футбол. Уефа Чемпиондар Лигасы

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.0 «ХабарLine»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-2»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «Отчий берег»
18.00 Мегахит «Принц»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
03.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
23.10 «Қайсар ханшайым»
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Пять минут тишины. Новые горизонты.»
00.30 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ ПРОКЛЯТЬЕ ПУСТЫННЫХ БОЛОТ»
01.20 «СВАДЬБА И РАЗВОДЫ»
02.10 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
11.40,23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50 «Хорошая жена»
05.50,01.30 «Мост»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Хороший парень»
23.40 «АЗ ВОЗДАМ»
04.00 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін»/тікелей эфир/
20.00 «Алматы облысы - 20 жыл
20.15 «Тұғырдағы тұлға»
20.20 «Мерейтой»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.15«Спорт»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 15-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.20 Информбюро (повтор)
08.50, 14.10 «Восьмидесятые»
09.50 «Экстрасенсы-детективы»
11.00, 23.30 Сериал «Ананди»
12.30 Сериал «Күн әміршісі»
16.30 «Такси»
17.00, 01.00 «Кел татуласайык»
19.50 «Сөздің шыны керек»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Повелитель солнца»
22.20 Т/х « Врач»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 1001 анекдот
05.00Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,03.30 «Ата-ана.Бала-шаға»
09.00 Концерт, посвященный юбилей Батыра
10.20 Моя история «СЕрдце Батыра
11.00, 19.00 Сериал «КУБА»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Тойхана»
16.00,01.45 Т/х «Психологини»
17.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.00,00.00 Т/х «ВДОВА»
21.00 Т/х «Өсекшілер»
05.10 Т/х « Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖҮРЕК СӨЗІ

Қазыналы қария еді...

«ЖАС ӨЛСЕ, БӘЙТЕРЕГІҢ СЫНҒАНДАЙ-АҚ, КӘРІ ӨЛСЕ СОҚҚАН ДАУЫЛ ТЫНҒАНДАЙ-АҚ». АТАЛЫ СӨЗ, ХАЛЫҚ НАҚЫЛЫ, ОРЫНДЫ АЙТЫЛҒАН ДЕЙМІЗ-АУ! «АСАРЫН АСАДЫ, ЖАСАРЫН ЖАСАДЫ». БАЛА-ШАҒАСЫНЫҢ АЛДЫНДА КЕТТІ. АРМАНЫ ЖОҚ-ДЕП, АЛЛАННЫҢ ӘМІРІНЕ МОЙЫНСЫНАСЫҢ! АЛАЙДА, ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРА ОРМАННЫҢ, БІР ӘУЛЕТТІҢ, ӘУЛЕТТІҢ ҒАНА ЕМЕС-АУ, АУЫЛДЫҢ, БҮКІЛ БІР АЙМАҚТЫҢ АБЫЗЫ, КӨКІРЕГІ ТОЛҒАН ШЕЖІРЕ, «БАЛТЫРЫ СЫЗДАП, БАСЫ АУЫРҒАНҒА ДӘРУІШТЕЙ ДӘРМЕН БЕРГЕН ДАНА ҚАРТ ӨМІРДЕН ӨТТІ. ӘТТЕГЕН-АЙ,-ДЕП САН СОҒЫП ҚАЛДЫМ. СҰХБАТТАСА АЛМАДЫМ. ТІРШІЛІКТІҢ КҮЙБЕҢІМЕН ЕРТЕҢ, БҮРСҮГІНІ ЖАЗЫП АЛАРМЫН ДЕП ЖҮРГЕНДЕ, БАЛАСЫ АБАЙ: «ӘКЕМ ДҮНИЕ САЛДЫ» ДЕП ХАБАР БЕРДІ.



Наурыздың 28 күні 88 жасында дүние салған Нұрымов Қадыр абыз жайлы көп айтуға болады. Бозбала шағымда көрдім. Елден жырақтап кеткенде, салғырттығымнан көп қарияның бірі, тәлім берген ұстаз деп жүріппін. Сөйтсем, сұңғыла қарияның, білімдарлығынан бөлек, шежірешілігін, халық емінің қыр-сырын жетік меңгергеннен мүлде хабарсыз болыппын. Тау суынның бастауындай мөлдір, әңгіме айтса арыдан тартып, толғайтынын да кейіннен, тым кеш білдім. Оның өзінде баласы Абай досым отбасылық әңгімеміз қариялар төңірегінде ойысқанда, «қазыналы, ауызы дуалы қарт қалмады. Көбі шыбындаған жылқыдай, әкім-қаралаға жалтақтап күнелтіп жүр. Айбаты бар, айтары бар, ақсақалға зарығып қалдым, елге келсем, елдің, мұң-мұқтажынан еңсемді көтере алмай қалам» дегенде: « Біздің шалмен бір сырласып көрсеңші, әкесін тықпалап жатыр деп, ойлап қалма? Айтары бар, ақсақал іздеп жүрмін дедің ғой» дегені бар-ды.

– Шежре айта ма? Қандай тылсым қасиеттері бар? – деп тықсыра түстім.

– Сен білмейді екенсің ғой, Саған да кінә жоқ, сыртта жүрсің. Әкеміз анандай, мынандай – деп мақтану бізге жат. Әкесінің атын жамылып, шен-шекпен алу бізде жоқ. Берген тәлім-тәрбиесімен өстік. Енді сол асқартауымыздың асқақтаған абыройына дақ түсіріп алмасақ деп, жан-жағымызға сауысқандай сақтықпен екі шоқып, бір қарап жүрміз, Айтеке! Тек айтарым, ол кісі тарихты қопарып қана қоймай, байырғы бабалар дәстүрін жалғастырушы. Шөптің тамырларын жинайды. Сонымен ем-дом жасайды. Мына сен ішіп отырған «уқорғасын» өте улы шөп, орнымен қолдана білмесең тіл тартпай өліп кетесің. Сенің қасыңда отырып өзім бақылап отырып саған ішкізіп отырмын. Бұл өз әкемнің маған берген тәлімі – деді. Онда, келістік мен сәуірдің 7-сі, Алла бұйырса қайта айналып келемін. Сен әкеңді дайында. Сұхбат бере ала ма ? Шаршап қалмай ма? – дегенімде:

– 88жасқа келді, әлі тың. Сөйлегенде өзіңді шатастырады, жады мықты көресің – деді. Амал, қанша, Алла маған абыз ақсақалмен жүздесуді бұйырмады. Өзекті өртейтін өкініш те сол! Есіме, жазушы Қасымхан Бегмановтың тарихшы, этнографғалым, шежіреші, қоғам қайраткері Жағда Бабалықұлы жайлы сұхбат әңгімесі ойыма оралды. Шөптің алуан түрін сараптап, қай шөп, қандай ауруларға ем болатын тәпіштеп тұрып айтып кеткен ғой, жарықтық.

Атадан балаға сабақтасып келе жатқан, халықтық медицина жайлы жілігін шағып, далада жатқан ен байлықты халық денсаулығына қолдана алмай, химикаттық тәбілеткаларға тәуелді болып жүрген жоқпыз ба? Қадыр ақсақалдың баласы, Абайдың айтуынша, әкесі арғы бетте жүргенде асқазан ауруымен қатты ауырыпты. Емханаларды жағалап, медицинаның шарапатын көрем дегенде, дәрігерлер, ауруың асқынған, өмірің ұзақ болмайды деп аруханадан шығарып тастапты. Отызға да толмаған Қадыр ақсақал өзін-өзі осы «уқорғасынмен» емдеп жазып алған. Қайта айналып дәрігерге барғанда, бойында кеселдің ізі де жоқ, сізді кім емдеді деп таңғалыпты. Міне , «асқынған ауруды алтын төсек емдемейді» деген тәмсілді жоққа шығарған халықтық медицианның құдіреті. Әрине, ажалға араша тұрар, шипагерлік тәжірбие бар. Асқынған емнің күретамырын қиып, Алланың пәрменімен қаншама адамға өмір сыйлаған Жағда Бабалықұлы, Қадыр Нұрымұлы сияқты білгірлер бүгінде жоқтың қасы. Әйтпесе, бұл екі кісі де түбелікті шипагерлікті ұстанып, емшілікпен айналыспаған абыздар. Шықпас жанға себепкер болған «уқорғасын жайлы Қадыр ақсақалдың баласы Абай да маған жан-жақты мағлұмат берген-ді. Тұқымыздан түбірі үзілмеген дерт мені де шыр айналдырды. Қанқысым, панкратит, гастрит, асқазан жарасы (язва), қойшы ауруханаға тұрақты мекеніме айналды. Бірде, ауылдан хабарласқан Абайға асқазаным мазалап жүргенін, больницада жатқынымды айттым. «Сен ауруханадан шыққан соң кел, мен бір дәрі ішкіземін төрт-бес күнге келетін бол»-деді. Аң-таң болып, бұл қалай емдейді-деп, жолға шықтым. Бардым, үйіне бәйбішесіне қазан көтертіп қойыпты.

– Ойбай, ауыр тамақ ішпеймін, жеңіл-желпі болмаса, қажет емес -дедім.

- «Жаман үйді, қонағы билейді»-дегізбей тыныш отыр. Бергенді іш, қазір саған «уқорғасын» беремдеді. Шошып кетім. «Сен мені өлтіре алмай жүрсің бе? - Абай, онсызда өлтірсек деп жүрген дұшпаным көп. Ол дегенің зahар «у» ғой - десем, сенде менде ішеміз. Осыдан панкратиттің жойылмаса маған кел - деп, бір шәугім қайнаған «уқорғасынды» сорпа, етпен қосып, шай ішкендей алтыжеті кесесін екеуміз іштік. Сорасора тер басып, сүлгімен сүртіп, қасымда үш сағат отырып салқын су ішкізбей қадағалады. Несін айтасың сәл майлы тамақ жесем, түйнейтін асқазан мазаламады. Содан үш күн «уқорғасын» ішіп қалаға кетіп қалдым. Қалаға келген соң екі жетіден кейін дәрігерге барсам, "бәрі-жақсы дәрілерді уақытысында ішіп жүргеніңіз көрініп тұр", - дейді. Ия, дей салдым. Содан екі жыл асқазан мазаламады. Биыл қайта ауырды. Абайға қайта хабарластым. «Мен саған бір жеті ішу керек дедім, сен болсаң үш күннен соң тайып тұрдың - деп ренжіді. Сен білесіңбе әкем осы «уқорғасымен күйеу баласы Рамазанды асқазан дертінен құлантаза айықтырған. 67-ге келді, сол жездеміз. 20 жыл бұрын өліп қала жаздаған. Әкеме күні бүгінге дейін алғысын айтып жүр. Жалпы, «алтын шөптің тамыры», «Қарандыз», «Уқорғасын», «Ермен», «Илан»-деген шөштердің емдік қасиеті зор. Сен бір келгенде саған соларды көрсетемін-деді. Айтқанындай, ауылға барғанымда, хабарласып ем, айтқан емдік шөптерді көрсетті. Бұлардың әрқайсының жинайтын мезілдері болады. Әкем осыларды жинап, ауырған туған-туыстарды емдейді. Керек десең спортшылар да келіп, ем алып кетеді деді.

– Әй, Абай, әкең туралы неге ертерек айтпадың, талай нәрсе алып қалар едік.

Қадыр ақсақалдың өз кіндігінен он бір бала өрбіген. Құдай қосқан қосағы Бүбіш әже екеуі сол он бір баладан 47 немере 19 шөбере сүйіпті. Батыр ана, батыр әке, балаларының барлығын оқытқан-тоқытқан әр салада қызмет атқарады. «Көргені жақсы көш бастайды» деген осы ғой. Қадыр абыздың бір баласы Айдар Алматыда халық медицинасымен айналысады. Әкесінен алған,-тәлім-тәрбиесін медицинамен ұштастырып жүр. Абай да құр алақан емес. Емдік шөптерді жинап кептіріп, қай шөптің қай ауруға ем екенін сағаттап айтуға бар. Өзекті өртеген бір өкініш Қадыр абыздан көне көздердің көрікті қыздырар тәлімді тарихи әңгімесін жазып ала алмадым. 1933 жылы шілде айында, Қытай Халық Республикасында дүниеге келіп, Үрімжі қаласындағы, Шыңжаң ұлттар институтының физика-математика факультетін бітірген. 1955 жылы туған Отаны Қазақстанға келіп, бір жыл ішінде араб әлібиінен орыс әлібиіне негізделген жазуға бейімделіп, Абай атындағы педагогикалық институтының үшінші курсына өз мамандығы бойынша қабылданып, зейнет жасына шыққанша білім саласына өлшеусіз үлес қосқан абыз қарттың еңбегі зая кетпеді. Бір білім ордасында 38 жыл үздіксіз еңбек еткен, Халық ағарту ісінің үздігі, Панфилов ауданының Құрметті азаматы, мыңдаған шәкірттің жүрегінен өшпестей орын алған Қадыр абыз халық медицинасының шет жағасын бабаларына көрсеткен. Алайда көкірегіне түйген, тарихи қазбаны біз аршып алып қала алмадық!

Бауыржан Момышұлының үлкен қарттарды:

– шал,
– қария,
– ақсақал
– және абыз деп төртке бөлгенін қалың бұқара ескере бермейді.

Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қарт – ШАЛ.

Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қартты – ҚАРИЯ деп,

тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айдынын асырып отырған қартты – АҚСАҚАЛ деп,

елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты – АБЫЗ деп атаған . Сол батыр бабамыз айтқандай әулеттің ғана емес, тұтас бір ауылдың, аймақтың айбарына айбар қосқан, тұла бойы тұнған тарих абыздан 90-жасқа таяғанда көз жазып қалдық! Алланың әміріне шара бар ма? Майлықожа ақын:

Мектепке беріп жасыңда,
Танытып құбыла білдірген.
Жыласаң көңілі жүдеген,
Қуансаң тасып үдеген.
Көрігіңе көңілі өсіп,
Алладан өмір тілеген.
Әкеңдей құбыла қамқорың,
Табылмас мынау дүниеден.
Мейірбаның жан әке,
Әкең де өлмес болсайшы-ай
Қасірет болып көңілге,
Қапада келмес болсайшы-ай.
Әкенің қадірін ұл мен қыз,
Тіріде білсе болсайшы-ай!

деп ата-ана туралы толғау толған. Қадыр абыздың 11 баласы да атананың қадірін білді. Әкелерін асқар тауға, аналарын жасыл құрақ пен бұлаққа балады. Жаның жәнәтта болсын Абыз ата! Зымырандай зулаған уақыт, көзді ашып жұмғанша өте шығады-ау! Мамыр айының 8 жұлдызында Қадыр абыздың өмірден өткенне 40 күн толады.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕК

Жалғасы. Басы өткен саңда.

ҚОНАЕВҚА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

Бостандық ауданының шындығы осы. Ақын Несіпбек Айтұлы бұған не дер екен? Ол Хрущевтің пәрменінен қаймығып, Бостандық ауданын Өзбекстанға өз еріктерімен берген біздің басшыларға арнап емес, сол кезде қазақтың намысын жыртып, қарсылығын ашық білдірген совхоз директоры Молчанов туралы поэма жазғаны оң болар. Нағыз батыр сол ғой.

Ия, ұлтарақтай болса да жер қымбат. «Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» деп Хрущевтің төбеден төніп, желкелеп тұрғанда қарсыласып көр. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Брежневтің орнында кім болса да Хрущев дегенін істер еді. Айтып айтпай не керек, билік өз қолында болмаған соң өзегің өртеніп, қылышыңды тасқа шабасың. Ал Досанов романындағы қазақтың бір пұшпақ жер үшін жанын да аянып қалмайтын Жоғарғы Кеңес Төралқасының төрағасы Тәшенов әуелі комиссияның қарсы шешімін шығарған. Бірақ сол ермінездік ұстанымында соңына дейін тұрмай, артынша Жоғарғы Кеңес сессиясында Бостандық ауданын беруге мәлімдеме жасағанын Айтұлы қалай қабылдар екен. Шындық ащы. Арлының шымбайына батады.

Қазақтың жері іргедегі елдер көздерінің құртына айналғаны қашан. Басқа республикалардағыдай емес, жерінің асты мен үсті толған табиғи байлық. Оның үстіне Ресеймен шекарамыз жеті мың шақырымнан асады. Ұлттың саны анау, күрмеуге де келмейді. Осының бәрі сол кездегі нақты жағдайға қатты ықпал еткен. Бұл арыдан тартсақ ұзақ сөз. Беріден қозғап, анық-қанығына жеткеніміз жөн болар.

Өзбек ағайындар сол үш ауданға 1949 жылдан бастап-ақ көз тіккен. Сталиннің кезінде де әрекеттеніп бақ-қаны бар. 1953 жылы наурызда ең жоғары билікке келген Хрущевтің бүйрегі соларға бұрып тұрса да әуелгіде КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Косыгин ыңғай танытпаған соң, жымысқы ойын іске асыра алмады. Оның үстіне сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов Хрущевке: «Бұл менің жерім емес, қазақ халының жері. Мәселені солар шешеді», – деп алдында кесе көлденең тұрып алған. Содан соң олар қолайлы сәтті күтті. Сол сәт Исмаил Юсупов 1962 жылы Оңтүстік Қазақстан өлкесіне бірінші басшы болып тағайындалған кезде ғана туды.

«Іштен шыққан жау жаман». Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Исмаил Юсупов алдына келген үш облыстың басшылары «Исеке.., Исеке...», – деп құрақ ұшып бастарын иіп тұрса, көкірегіне нан піспей қайтсын. Мансаптан басы айналып, өлкенің алқалы бір жиынында «Жылқы мен есектің еттерін қосып, азық-түлік жоспарын орындаймыз» деп тыңнан жаңалық ашқандай болғанда қарамағындағы ләпбайлап тұрған басшылардың бірі де «Исеке, мұныңыз қалай?» деп қарсы келе алмай, іштен тынған. Сондай астамшылық бұл қызметін тақиясына тар келтірсе, жаны қалай тыныш тапсын. Неге бұдан да жоғары лауазымға қол жеткізбеске? Оның үстіне қызмет бабымен Мәскеуге тіке шығып жүр. Ия ол үшін Хрущевпен қалайда тіл табысу керек. Жатса да, тұрса да, ойлағаны сол болды.

Хрущевтің Қазақстанның мақта шаруашылығымен айналысатын үш ауданын Өзбекстанға қосу жөніндегі мәселені ауық-ауық көтеріп жүргенін біледі. Оның үстіне бұл мәселе Өзбекстан Компартиясы ОК-нің бұрынғы бірінші хатшысы Нуридин Мухитдинов пен Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Ядгар Насрединованың Хрущевпен жарасып қалғалы бері жиілеп кетті. Хрущев өзіне майда тілімен майдай жаққан Нуридин Мухитдиновті КОКП ОК-нің салалық хатшысына өсірді. Юсуповтың күткені де осы еді. «Жаны ашымастың қасында, басы ауырмас». Юсупов: «Кетсе қазақтың жері кетеді. Ал менің нем кетеді?». Ыңғайлы сәті оңынан келіп тұрғанда Мухитдиновпен келісіп, неге Хрущевқа жағынып қалмасқа.

Мәскеуге барған сайын Мухитдиновпен астыртын байланыс жасап, үш ауданды Өзбекстанға қосу жөнінде ұсынысын білдірген. Мухитдиновке де керегі сол, қуана-қуана келісіп: «Исмаил, Хрущевтің атына хат жазып, өз қолыңмен апарып бер. Арғысы менің жұмысым», – деген. Ол Хрущевке оның табанын жерге тигізбей мақтап, Қазақстанды басқаруға өте лайықты, бұдан асқан жанды таппайсыз деп дәріптейді. Хрущев кездесу кезінде табанын жалауға бар адамның үш ауданды Өзбекстанға қосу жөніндегі хатын оқып, салған жерден ұнатқан. «Міне, Қазақстан Компартиясын басқаратын адам!». Солай Юсуповтың шиырған асығы алшысынан түсті. Тек Хрущевтан Мақтаарал, Ильич және Киров аудандарын Қазақстанның қазіргі басшылары қолымен Өзбекстанға өткізіп беруді өтінген. Солай өзгенің қолымен от көсеп, республикаға сүттен ақ, судан таза болып бару. Оның бұл бақай есебін алаяқтықпен әдейі жасаған қаскөйлігі деп қалай айтпайсың.

«Қазахстанская правда» газеті 2004 жылы 21 сәуірде тілші Ғалия Шымырбаева мен Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1962-1964 жылдардағы бірінші хатшысы Исмаил Юсуповтың сұхбатын жариялады. Сұхбат тақырыбы «Қазақстан халқының алдында менің арым таза» деген Юсуповтың сөзінен алынипты. Ол бірқатар қазақ газеттеріне де осындай тақырыпта сұхбаттар берген.

«...Сол жылдары Қазақстанның мақта өсіретін үш ауданын Өзбек КСР-на беру туралы шешім шығарылды. Содан бастап оны мен берді деген сөздер елге тарап кетті. Ал негізінде Өлкелік партия комитетінің хатшысы ретінде менің құқым жоқ еді. Мен Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа бұл аудандарда мақта өсіру қиындап бара жатқанын ескерткенмін. Қалай айтқанда да Қазақстан халқының алдында және өз балаларымның алдында арым таза», – дейді Юсупов. Өтірікті шімірікпей судай сапырған жанкештіде қызаратын бет болсайшы.

Ал мұрағат құжаттары не дейді? 1962 жылы 21-24 желтоқсанда болған Қазақстан Компартиясы ОК-і бюросы мәжілісінің №30 хаттамасында Исмаил Юсуповтың мына хаты қоса тіркеліпті. «Каз. правда» соны сұхбат ортасын ойып тұрып жариялаған.

«07. 12. 1962 г.

ЦК КПСС т-шу Хрущеву Н.С.

ЦК Компартии Казахстана т-шу Кунаеву Д.А.

Совета Министров Каз ССР т-шу Бейсебаеву М.Б.

Исходя из общегосударственных интересов дальнейшего углубления специализации и правильного размещения сельскохозяйственного производства, Южно-Казахстанский крайком партии и крайисполком, Чимкентский обком партии и облисполком просят ЦК КПСС, ЦК КП Казахстана и Совета Министров Каз. ССР рассмотреть вопрос о передаче Узбекской ССР хозяйства Пахта-Аральского, Ильичевского и Кировского районов, а также все земли, подлежащие освоению и на центральном массиве в Голодной степи и создать там крупную специализированную на пройзводстве хлопка новую административную область, лучше использовать имеющиеся единые каналы, оросительную воду.

Секретарь Южно-Казахстанского крайкома ЦК Компартии Казахстана И.Юсупов».

Міне, екіжүзділіктің үлгісі. Юсупов бәрін Қонаевқа жауып, өзін қиянаттан ада көрсеткісі келген. Соған дейін таптырмай келген оның бұл хатты «Каз. правдадан» кейін халықаралық «Түркістан» газеті К.Адырбекұлының 2006 жылы 14-28 қыркүйек аралығындағы «Казахское дело» сериялық зерттеуіндегі «Дінмұхамед Қонаев» бөлімінде жарияланып, бүкіл республикаға тарап кетті.

Дінмұхамед Қонаев:

«...Мен Хрущевке телефон соғып, концертке шақырдым. (Қазақстан өнер шеберлерінің Мәскеудегі қойылымын меңзеп отыр). «Міндетті түрде барамын. Мүмкін, Кремльге маған келіп кетерсіз», – деді. Мен жиырма минуттың ішінде сонда болдым. Хрущевтің кабинетіне кірсем, Микоян отыр екен. Аман-саулық сұрасқан соң Н.Хрущев: «Бүгін Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Юсупов келіп кетті, – деді маған көз қиығын бір секем көңілмен тастап, сөзін сабақтады. – Ол мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанға беру туралы мәселе қойып отыр. Меніңше, өте құнды пікір.

Төбемнен жай түскендей үнсіз отырып қалдым. Маңдайымнан біреу періп жібергендей күй кештім. Ойым он саққа кетті. «Бұ қалай болғаны?». – деп ойладым. Осы бүгін ғана Юсуповпен кездесіп, сөйлесіп едім. Ондай ойдың ұшқынын да білгенім жоқ. Сол екі арада есебін тауып, идеясын өткізбек қой. Жоқ, бұлай ел тағдырымен ойнауға болмайды. Әйтсе де ойымдағыны іркіп қала алмадым. «Мен Юсупов ұсынып отырған ұсыныстың пайдалылығын өз халқыма дәлелдеп бере алмаймын. ...Оңтүстік Қазақстан республикадағы тұрғылықты халықтың ең тығыз орналасқан жері. Никита Сергеевич, біз отпен ойнап отырмыз. Республикалардың арасында жағдай шиеленісіп кетуі мүмкін». Өкінішті-ақ! Менің айтқан уәждерім Хрущевке мүлдем

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ұнамады. Өйткені, ол әлдеқашан өз байламын жасап қойған-ды. ...Концерт жайына қалды. Құлағым шыңылдап, басым мең-зең. Сахнада не болып жатыр. Көріп те отырғаным жоқ, естіп те жарытпадым.

Үзіліс кезінде Хрущев әңгімені қайта көтерді. Ол маған Юсупов жазған хатты ұсынып жатып: «Аманатты орындау үшін тапсырамын, – деді. Онымен қоймай, Юсуповты жер-көкке сыйғызбай мақтады. – Іске мемлекеттік тұрғыдан қараған мұндай азаматқа барынша қолдау көрсету керек!».

Біз қасірет арқалап шықтық». («Ақиқаттан аттауға болмайды». 247 бет).

Несіпбек, кімнің айтқаны көкейге қонады? Сен қорлаған Қонаевтікі ме, әлде жанын жалдаған жәдігөй Юсуповтікі ме?

«Өтіріктің арты бір-ақ тұтам» деген осы шығар. Юсуповтың мұрағаттан осы хаты табылмағанда Несіпбек Айтұлы Қонаевтың аруағын қорлайтын сөздің бұдан да зорын айтар ма еді... Кім білсін. Шындық ешқашанда өлмейді деген рас екен.

Үш ауданның мәселесі Қазақстан ОК бюрода төрт күн бойына талқыланғанына қарағанда өте ауыр жағдайда өткені анық. Бюро мүшелері үш ауданды қалайда бермей алып қалудың жолын барынша қарастырған. Қазақстан Компартиясының салалық хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықовтың айтуына қарағанда Қонаев пен Саяси бюроның мүшесі Анастас Микоянмен сыр тартып сөйлесе береді екен. Ол қысылған шақта сол кісіге телефон шалып, мақта өсіруді қазақстандықтардың да тәжірибесі жететінін тек ауылшаруашылығын Өзбекстандағыдай өнімділікті арттыратын жаңа техникаларымен жабдықтаса, жоспарды өзбек ағайындардан кем бермейтінін айтып, Хрущевқа жеткізуге қолқа салған. Өкінішке қарай Хрущев Микоянға да құлақ аспаса керек.

Қонаев: «Жер мәселесін елден, халықтан жасырып шешуге болмайды. Мұны ОК-те ғана талқыдан өткізбей, Жоғарғы Кеңестің Президиумы мүшелері де қарағаны жөн», – дейді.

Жоғарғы Кеңестің мәжілісінде жазушы Дмитрий Снегин ғана Хрущевтің шешімінің жөнсіз екенін айта келіп: «Қазақстанның жерін бөлшектеу, елін бөлшектеу», – деп үш ауданды Өзбекстанға беруге қарсы тұрған. Ал Мұқанов пен Мүсірепов секілді марғасқалар үнсіз қалды.

Көп кешікпей Хрущев Қонаевты қызметінен босатып, орнына Юсуповты тағайындады. Қонаев өз мамандығы бойынша Ғылым академиясының Геология институтына жіберуін өтінеді. Бірақ Хрущев өтінішін қабыл алмай Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Мәсімхан Бейсебаевтың орнына тағайындайды.

Юсупов қитұрқы ісін солай жүзеге асырды. Іс бітті, қу кеттінің кері.

Поэма авторы Қонаевтың сол үш ауданды Өзбекстанға беруге қарсы болғаны үшін бірінші хатшы қызметінен алынғанын да жақсы біледі. Бірақ ішіндегі қыжылы істің ақ-қарасын айтқызбай отыр. Әйтеуір қалың оқырманға сөзін өткізу үшін әлгіндей аққа қара бояуды жаға берген.

Қонаев өзбектерге кеткен жерді Хрущев тұрғанда айқай-шумен ала алмасын біліп, ақылға салып, артын күтті. Егер Қонаев КСРО-ның билік басына Брежнев келіп, сол үш аудан жерінің Айтұлы айтқандай пұшпағын ғана емес, көп бөлігін қайтармағанда бүгінде өзбектерден соның өзін қайтып алу мүмкін емес еді. Оны мен айтпасам да әркімнің іші сезеді. Бір кем дүние-ай!

Жырдың «Түгендеп қайтып алса, кеткен жерді. Кім қақты Қонаевтың қолын сонда?» деген жолдары былайғы жұртқа тауып айтылғандай көрінер. Айтұлының осы сөзі сол кездегі жағдайдан бейхабар баз біреулерге қамшы болып, «Шынында Қонаевтың қолын кім қақты?» деп реніштерін тудыруы бек мүмкін. Айтұлының көздеген мақсаты да сол сияқты. Ал жерді түгендеп алу Қонаевқа және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы Сабыр Ниязбеков пен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Мұстахым Ықсанов басқарған мемлекеттік комиссияға оңай болды ма?

Әттең сол кезде арнайы құрылған комиссияны Ниязбеков емес, Айтұлының өзі басқарғанда өзбектерге кеткен жерді түп-түгел қайырып алатын еді. Солай ол түйінді мәселені оп-оңай шешіп тастар еді. Алайда бұл миссияны атқару оның пешенесіне жазылмаса не шара. Бірақ бүгін оған сәуегейлік айту бұйырыпты. Ия, айтуға оңай.

Қазақ «Біреуге қараған күнің құрысын» дейді. Билік кімде, қаржы да соның қолында. Бәрін де Мәскеу шешетін кер заман. Ондағы тізгін ұстаған шовинистер ешкімге өздігінен ештеңе істетпейтінін Айтұлының өзі де жақсы білді. Енді міне, жоғары биліктегі ахуалды біле тұра білмегенсіп, бәріне Қонаевты жөнсіз кінәлауда. Қонаевтың қолында тәуелсіз билік болса, жердің бір пұшпағы түгілі, бір тұтамын да ешкімге бермес еді. Кезінде компартияға мүше болып, соның тәртібіне бас иіп, республикаға белгілі мәдениет саласындағы мекеменің дүрдей бастығы болған жазушы Сәбит Досанов оны жақсы біледі.

Мақтаарал аупарткомының бірінші хатшысы Ошақбай Көлбаев «Естен кетпес демалыс» естелігінде былай дейді. «...1993 жылдың шілде айында демалысқа шықтым. Фатима жұбайым екеуміз Талдықорған облысындағы «Қапал-Арасан» шипажайына бардық. Біз барып жайғасқаннан кейін кешкісін Димекең де келіп, сол жердегі бөлек жайға жайғасыпты.

Димекеңнің жады өте мықты. Кезі келгенде: «Димаш аға, 1971 жылдың март айында үш аудан Қазақстанға қайта оралды, – деп бастадым да сөзімді әрі қарай сабақтадым. – Бірақ 1962 жылы Өзбекстанға өткен үш ауданның Шымқорған, Қызылқұм, Амангелді атындағы «Арнасай», Ильич атындағы мал совхозымыз бен көп бауырларымыз сол елдің құрамында қалып кетті ғой», – дедім. Дінмұхамед аға ауыр күрсінді: «Бұл комиссияның кешірілмес қатесі. Олар екі жақты келісім-шартқа 1962 жылы өткен аудандарды бұрынғы әкімшілік-аумақтық құрылымы шекарасымен толық қайтарылсын деп жаздырып, қатаң қадағалаулары керек еді. (Өзбекстан үш ауданды уақытша пайдалануға қосып алысымен қулыққа басып, олардың біраз бөлігін жырымшылап, өздерінің Жызақ облысының іргелес Фарыш ауданына қаратып, картасын қайта сыздырған). Өкініштісі сол, комиссия алғашқыда өзбектердің сол қулықтарын байқамай алданып қалады. Олар мұны кейін аңғарып қалып, маған хабарласты. Мен сол бойда Брежневке тағы өтініш жасадым. Ол «Комиссия уақытында шекараға мұқият қарап, шешім қабылдауы керек еді», – деді де қойды. Брежневтен екінші қайтара қолдау болмаған соң бұл мәселенің біз күткендей шешіле қоймасы белгілі болды», – деді көңілсіз үнмен».

Үш аудан арада 9 жыл өткен соң ел құрамына қайтты. Қазақ «Бір құмалақ бір қазан айранды ірітеді» дейді. Міне, «Менің қазаққа қылаудай қиянатым болған жоқ» деген Исмайыл Юсуповтың кесапаты. Сонша жыл елді әуре-сарсаңға салып, едәуір жеріміздан айырды. Бұл бүгінгілерге де үлкен сабақ болса игі.

Айтұлы жырының мына бір тұсында «Әулие тұтқанменен айналасы, Халықтың өкпесі көп Қонаевқа» деп бір қайырыпты. Оның жалпы халықтың атынан сөйлегені қалай? Сондай ерекше құқығы бар ма еді? Қонаевты ақиреттік сапарға шығарып салған сол үш жүздің халқы емес пе. Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Жиенбаев: «1993 жылы 22 тамызда Қонаев дүниеден өткенде, онымен қоштасуға келген халықта есеп болмады. Опера театрынан Кеңсай зиратына дейін жолдың екі жағы адамға толып, сүйікті перзентін ақырғы сапарға шығарып салды. Сірә, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтай адамдарды әсте өлді деуге болмайды. Ол артында өлмейтұғын іс қалдырған халықтық тұлға. Ол әрқашан халықпен бірге жасайды. Олардың жадында өмір сүреді», – дейді. («Егемен Қазақстан» 2012 жыл 12 қаңтар).

Кеңсайға дейінгі жолдың екі жағында иін тіресе тұрып, жанарларынан жас ағып, мәйітінің жолына гүл шоқтарын төсеген солар ғой. Халық өкпелесе солай қимай қоштасар ма еді. Сол халықтың құрметтеген сөз ұстар жекелеген тұлғалары, Қонаевпен қызметтес болған мемлекет және қоғам қайраткерлері Нұртас Оңдасынов, Бәйкен Әшімов, Сұлтан Жиенбаев, Манаш Қозыбаев қала берді Серікболсын Әбділдин оның ел үшін атқарған қызметін жоғары бағалаған жүрек жарды лебіздері Айтұлы үшін жәй сөз болғаны ма? Шымкент қорғасын зауытын он бес жыл басқарған Рзабай Хобдабергеновтей азаматтардың ыстық ықыласын қайда қалдырасың. Айтұлының осы асылық сөзін өзі қатты құрметтейтін халықтың танымал тұлғасы, үлкен ғалым Мырзатай Жолдасбеков пен атақ дәрежесі өзінен артық болмаса, бір мысқал да кем емес Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы-доктор Әкім Тарази құптай қояр ма екен? Немесе бір өзі мыңға татитын ғарышкер Тоқтар Әубәкіров мақұлдай ма?..

Несіпбек, екеуміз алдымызды ғана көрсек, Әубәкіров Жер әлемге ғарыштан көз жіберген, бос сөзге жоқ ойы терең, аузы дуалы абзал жан. Ғарышкердің әлеуметтік желідегі Қонаев туралы жүрекжарды лебіздері қандай?! Әлде сен үшін атақ пен даңқы Одаққа әйгілі болған Кәмшат Дөненбаева мен Бибігүл Төлегенова апаларымыздың Қонаевқа деген ілтипаты түкке тұрғысыз ба? Бүгінде исі қазақтың алғысына бөленіп жүрген ақын Жүрсін Ерман кемеңгердің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қонаевтай ер қайда!» деген тақырыппен Алматыда ақындар айтысын өткізгенде, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайына сыймай сыртында жүрген қалың нөпір ше. Олар халық емес пе? Осындай ел таныған тұлғалардың ілтипатын тізе берсем, газет-кітап беттеріне сыймас. Айтұлы жаққан қара бояуды сол асыл әрі аяулы жандардың кітапқа түскен, ақпарат құралдарындағы естелік-пікірлері ақпен бояп, қайта ағартатынына сенімім мол.

Кейбір зерттеушілер Тәшеновтің қайраткерлік қасиетіне жұрттың көзін жеткізу үшін Юсуповтың пікірін дәлел ретінде пайдаланғанын қайтерсің. Қазаққа жаудың ісін жасаған жанкештінің жалған айтқаны соншалық маңызды ма еді? Ой, Алла-ай! Абай айтпақшы осындайда ар мен намысты былай жинап қойып, қазаққа ниеті жаманмен табыса қалатынымыз қалай? Айтұлы мақтаған Тәшенов сөзінің тұрлауы жоқ Юсуповқа басын иіп, төрелік сұрап барар ма еді? Жоқ! Намыстан жарылып кетер еді. Ал Айтұлына салсақ Юсупов өзбектерге үш ауданның жерін бергенде «жаман», Тәшеновке пікір айтқанда «жақсы» болып шыға келгенін қарашы. Біздің әлсіздігіміз де осында. Құбылып тұрамыз.

Несіпбек, Абай «Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр» деп босқа айтпаған-ау. Тарихи тұлғаның мәніне бармай сапырған жырың содан аспады. Өйткені Дінмұхамед Қонаевтың есімі тек мәрмар тасқа ғана емес миллиондардың жүректеріне жазылған. Енді оны өшіру мүмкін емес. Нөпір халықты мойындата алмаған соң тыраштанып қайтесің. Поэманды шын жүректен қозғап, әдептен озбай жазғаныңда бәлкім басқаша болар ма еді. Ал халық кімге құрмет көрсететінін екеумізден де жақсы біледі. Қонаев та, Тәшенов те, халық үшін аянбай қызмет еткен ұлттың тарихи тұлғалары. Оларда жазық жоқ. Жазық екеуін қарама-қарсы қойып, жұртты екіге жарып жүрген сендейлерде. Өйткені сенің жырлағаның ғылыми талдау емес. Көңіл ауанымен жазылған өсекші өлең. Жырыңда шындықты батыл айтқансып, бірін мұқатып, бірін асыра мақтап арасына сына қаққаныңды, жұрттың арасына жік салғаныңды өзің айтпақшы «айналаңдағы» ат төбеліндей жандар болмаса қалың қазақ жөн дей қоймас. Өйткені поэмаң әділдіктің, мәдениеттіліктің ауылынан тым алыс. Имандылықтың, поэзияға тазалықтың маңына да жуымайды.

Өлең өлкесіне өзіндік азаматтық үнімен, ерекше бояу-бедерімен танылып үлгерген талантты ақынның бұл жинағына соңғы жылдары жазылған тың туындылары топтастырылған. Кітаптағы әр өлең идеялық тартымдылығымен көзге түседі. Таңғажайып әсерге бөлейтін ақын өлеңдері оқырманын интеллектуалды ойға апарары сөзсіз. Олай болса, ақынның кітабын алып, оқуға асығыңыздар!

КӨҢІЛСІЗ КӨКТЕМ

Нұрланып биыл да көк пен жер,
Бүр жарып, жайқалып көк
белдер.
Келгенмен сағынтқан, аңсатқан
бұл Наурыз,
Күтпеген дәл мұндай, көңілсіз
көктемді ел.
Далада біртүрлі бұлқыныс,
қалада мың түрлі құлшыныс.
Бекеттер бекінген,
базарлар тым-тырыс.
Хошы жоқ тірлікте күйбелең,
адамдар көңілсіз күйменен.
Олардың санасын күні-түн,
үрей бар билеген.
Үндеу мен дабылдан,
қақпалар, есіктер жабылған.
Жиналмай жұмаға жамағат,
Мешітке адам жоқ ағылған.
Көктемнің көңілді жыры жоқ,
кептердің шерулі үні жоқ.
Құс келер уақытта,
сұс келді тілі жоқ.
Әлемді шарпыған «қара дақ»
бар елді жүргенін аралап,
желіден бір шығып, кіргенше,
жаршылар жазуда жаңалап.
Заманға тыныштық,
адамға құт тілеп,
арылды дейтұғын індет пен
жұт, түнек.
Шатты күн туса екен сүйінші
сұрайтын,
«Ең соңғы дертті жан жазылып
шықты» - деп...

Әзірлеген: С. ӘЙТЕНОВА.



ЖЫР-КЕРУЕН

ӨЛЕҢНЕН ӨРНЕК САЛҒАН

«Ақын болу деген де азап екен, Тіршілікті тіліне тиек еткен» –деп, марқұм Еркін Ілияс айтқандай, өлең жазу, көңілдің күйін, қоғамның мұң мен шерін, сезімін қылын шерте білу ол да азап. Ол аз десеңіз Төлеген Айбергенов: «Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым, Ауызында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның» деп толғаған. Бүгінгі қоғамда поэзия да жаңаша түрленді. Өлең құрылымдары өзгеріске ұшырады. Панфилов ауданы, Надек аулының тұрғыны Меруерт Жартыбаева да өлеңге өрнек салып жүрген жандар қатарынан. Ал, жырдың шынайы бағасын сыншылар мен оқырмандар береді.

ӘЙ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗДАРЫ-АЙ

Қастерлейтін сезімді,
Жырға орайтын сөзіңді.
Көп қой қазақ жігіті
Бақытты етер өзіңді.

Шоршып жүрмей шоқ үсті,
Жақын етіп алысты.
Қазақтың сүй перзентін,
Биік қойып намысты.

Ана сүтін ақтаған,
Қазақ қызбен мақтанам.
Алаш ұлын қастерлеп,
Сол үшін бол ақтабан...

ТАҢ КЕЛЕДІ АРАЙЛАП

О, адамдар, тұрыңдар,
Жар салыңдар,
Таң келеді арайлап
қарсы алыңдар.
Қарсы алыңдар, арайға тамсаныңдар,
таңмен бірге талықсып ән салыңдар.

Таң күлімдеп қарайды шығыс жақтан,
Тіршілікті түрткілеп тыныш жатқан.
Ауыл анау түндігін желпіп алып
Таңмен бірге таласып ырыс тапқан...

Шұғылалы бұл таңға асығыңдар,
Таңда күлер күн нұрлы ғашығым бар.
Ғашығым бар, сапарың біткенінше,
Жамалыңнан мұң табын жасырыңдар.
Таң келеді арайлап, асығыңдар!

НЕМЕРЕМ

Балдан тәтті немерем,
Бағыма сені теңер ем.
Өзіңменен саз қалқып,
Тербеледі керегем.

Қуанышым өзіңсің,
Жалын атқан көзімсің.
Ақ жүректі апаңа
Шат сыйлаған сезімсің.

Жан шуағым, мерейім,
Қызығыңды көрейін.
Сені берген Тәңірге,
Алғысымды төгейін.

Томпаңдаған түріңнен,
Кезің болмай сүрінген:
қиялдардан аса бер,
Қуат алып білімнен.

Басқа қонып тек ілім,
Тұнық болсын көңілің.
Жан шуағым, немерем
Ұзақ болсын өмірің!

КӨКТЕМ

Гүлімен өрнек көмкеріп салған бөктерге,
Сүйсініп тұрмын хас шебер сынды
көктемге.
Арайлап атқан ақық күн нұрын қуалап,
Гүл тере бардым сонау бір ғажап көк
белге.

Көңілде, бәлкім, көкейде нұрлы сыр
қалды,
Қызғалдақ орап құлпыртып тұр-ау
қырларды.
Солқылдап тұрған нәп-нәзік гүлдің
сабағын,
Сұғанақ қолдар, қойыңдар енді ұрлауды.

Жұлмаңдар гүлді, гүл мен ару – нұр
маңдай,
бірімен-бірі сырласып үнсіз тұрғандай.
Көктемім менің, бөктердің төсін базар
қып,
сен жеттің ерте, тұралман мен де
жырламай...

АҚЫН БОЛДЫМ

О, махаббат, сен сезімсің сиқырлы,
Күні-түні ұрлап жүрген ұйқыны.
Ақын болып жаралған соң, әлбетте,
Елемейміз тірліктегі күйкіні.

О, махаббат, сыйқырыңмен қандайсың?
Неге менің қыр соңымнан қалмайсың?
Үздігемін ғашығыма сәт сайын,
Адамзаттың артық көріп әрқайсын.

Өмір деген – тұтас айқас, толы сын,
Әр адамға бергім келді қол ұшын.
Бірақ менің іңкәрім бар бөлекше,
Менде ерекше ақын болдым сол үшін...

Табылмайды өмірде
Бала – байлық әкесі, анасының,
Дүниенің теңемен бар асылын.
Әкең менен анаңнан артық саған,
Табыла ма тірлікте жанашырың?

Қанша сыздап тұрса да жарасы мың,
Олар қамын күнде жер баласының.
Тұзағына тағдырдың түспесең деп,
Тамағынан өткізбес қара суын.

Сенің үшін бәрін де әзірлеген,
Ата-ананы көктемің, жазың дер ем.
Күзің болып жемісін уылжытқан,
Ата-ананы ұл болшы қадірлеген.

Қасыңда жүр ең аяулы қазына,
Өмірге ұлым айта берме базына.
Ата-анаңа жылы қабақ танытсаң,
Біз үшін ол – үш апару қажыға!..

Меруерт ЖАРТЫБАЕВА
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОЛ КҮРЕСІ

БІЛЕКТІЛЕР БӘСЕКЕСІ

ЕЖЕЛДЕН САДАҚ ТАРТУ, БӘЙГЕ, САЙЫС, КҮРЕС, АУДАРЫСПАҚ СИЯҚТЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСҚАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ӨЗДЕРІНІҢ РУХАНИ БАЙЛЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРІП, ТОЛЫҚТЫРЫП ОТЫРҒАН. ХАЛЫҚ ӨЗІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ДЕП САНАҒАН ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН, ӘР ТҮРЛІ ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫН ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРІП КЕЛГЕН. СОЛ СИЯҚТЫ БІЛЕКТЕРІН ТҮРІП ТАСТАП, ҚОЛ КҮРЕСТІРУ ӨНЕРІ ДЕ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН ЖАТ БОЛМАҒАН.

Ежелден қолдың күшін сынау ең асыл істің бірі болып саналған.Ертеде ата-бабаларымыз екі буынды айқастырып, ас-тойларда сайыс өткізген. Қазақстанда қол күрес өз тарихын 1990 жылдары, қазақстандық атлеттер Мәскеу қаласында өткен, бірінші Бүкілодақтық қол күрес турнирге қатысқаннан басталды.

Қол күресі, яғни, ресми атауы армрестлинг – арнайы құрал жабдықтарды қажет етпейтін ең бейбіт және демократиялық жекпе-жектің түрі болып саналады. Басқа спорт түрлеріне қарағанда, кез-келген жастағы адамдар қол күрестің жеңімпазы болуға мүмкіндігі бар. Армрестлинг – техникалық жағынан күрделі спорт түрі болғанымен, бұл спорт түрімен 13 жаста да 40 жаста да айналысуға болады.

Осындай спорт түріне бүгінгі таңда жасөспірімдердің қызығушылығы артуда. Ересектер де бұл қолжетімді спорт түрімен көптеп айналыса бастаған. Еңбек ұжымдары арасында қол күресінен жарыстар өткізіліп жатқаны осының дәлелі болса керек.

Мәселен, жақында «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалының қызметкерлері арасында ұйымдастырылған «Қол күрестен» жарыс өткізілді. Шараны облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадырұлы ашып жүргізіп, партия филиалының білегі мен жүрегі мықты жігіттері жарыс барысында күш сынасып, жеңімпаздар анықталды: 1-ші орынды бас есепшінің көмекшісі Айдын Қожағұлов иеленді, 2-ші орында саяси жұмыс бөлімінің консультанты Абылай Абайұлы иеленсе, жүлделі 3-ші орынды заңгер Самат Бейсенов иеленді.

Ш. ХАМИТОВ.

ШАХМАТ

«РЕКТОР КУБОГІ»– 2021

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасындағы онлайн форматта шахмат жарысы өтті.

Топжарған спортшыларға І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Басқарма төрағасы – Ректор кубогі және медаль, грамоталарымен марапатталды. Университеттік кәсіподақ ұйымы жүлделі орындарға ие болған факультет қызметкерлеріне ақшалай сыйлықтар табыстады.

Ерлер арасында бас бәйгені Сақибаев Спартак (техникалық факультеті) иеленсе, Мукше Алишер (ректорат) екінші орынды және Тохтаров Ақниет (дене шынықтыру факультеті) үшінші орынды қанжығасына байлады.

Ал, әйелдер арасында Оспанова Жансая (ректорат) бірінші орынға қол жеткізсе, Кенджасарова Айгерім (Құқық және экономика факультеті) II орынды, Омарова Гуля (Zhansugurov college) III орынды еншіледі.

Жекелей сында орын алған профессорлық оқытушылар құрамы мен қызметкерлері жарыстың сәтті өтуіне өз үлестерін қосты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ФУТБОЛ

Жексенбіде футболдан Қазақстан чемпионатының алтыншы турындағы алғашқы үш кездесу өтті. Бұл бәсекелер Нұр-Сұлтан, Тараз және Қызылорда қалаларында ұйымдастырылды, деп хабарлайды Egemen.kz.

«АСТАНА» КӨШ БАСТАДЫ

«Астана» Петропавлдың «Қызыл-Жар» клубын қабылдады. Бәсеке басталған бетте Абзал Бейсебеков есеп ашты. Оның 25 метрдей қашықтықтан тепкен добына қақпашы тосқауыл қоя алмады. 40-минутта Әлібек Қасым таразы басын теңестірді. Бұл жағдайдың алаң иелерін қанағаттандырмағаны анық. Үзілістен кейін оларқарқынын күрт күшейтті. 65-минутта Марин Томасов елордалықтарды алға шығарса, арада екі минут өткеннен соң Эбонг үшінші голды соқты – 3:1. Одан кейін таблодағы есеп өзгерген жоқ. Осы жеңістен кейін «Астана» жарыс кестесінде қайта бірінші орынға көтерілді.

«Тараз» Оралдың «Ақжайығын» 1:0 есебімен ұтты. Бұл матчта соғылған жалғыз доптың авторы – Педро Эуженио. Ол екінші тайм басталған бетте қонақтар қақпасының кілтін тапты.

Қызылорданың «Қайсары» мен «Атырау» арасындағы кездесудің 4-минутында Каролис Лаукжемис алаң иелерін алға шығарды. Бұл есеп ұзаққа дейін сақталды. Ойынның аяқталуына жеті минут қалғанда Дмитрий Гузь қарымта қайырды – 1:1.

Кеше тағы төрт кездесу өтті. Бұл матчтарда «Жетісу» мен «Ордабасы», «Ақтөбе» мен «Шахтер», «Қайрат» пен «Тобыл» және «Тұран» мен «Каспий» клубтары шеберлік байқасты.

Egemen.kz.

АУЫР АТЛЕТИКА

ТОЛАҒАЙЛАР ТАШКЕНТТЕ САЙЫСҚА ТҮСТІ

15-25 сәуір аралығында Өзбекстанның бас шаһары – Ташкентте ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы Азия чемпионатының жалауы желбірейді. Айтулы додада еліміздің 17 зілтемішісі өнер көрсетеді. Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Бақыт Ахметовтің айтуынша, біздің спортшылар жарыс қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте үздік үштіктің қатарынан көріну үшін барын салады.

Күні кешеге дейін сары құрлықтың басты додасында Қазақстанның ауыр атлеттері табысты өнер көрсетіп, үнемі үздіктер қатарынан көрініп жүрді. Алайда соңғы жылдары допинг дауына байланысты Азия чемпионатында олжалаған жүлделеріміздің саны күрт кеміді. Енді бірте-бірте жағдай оңалып келеді. Жоғарыдағы олқылықтың орнын толтыру үшін Ташкенттегі тартыста толағайларымыз бар күш-жігерін жұмсайды деп үміттенеміз. Осы сөзіміз дәлелді болу үшін соңғы бес Азия чемпионатының нәтижелеріне көз жүгіртейік.

2013 жылғы сары құрлықтың басты додасын Астана қаласы қабылдады. Өз жерімізде өткен жарыста жерлестеріміз жергілікті жанкүйерлерді қуанту үшін барын салды. Ерлер сайысында 94 кило салмақта сынға түскен Александр Зайчиковтің асқан шеберлігіне тәнті болдық. Қоссайыстың қорытындысы бойынша 385 (175+210) кило салмақта еңсерген Сыр бойының сайыпқыраны жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Әйелдер арасында Анна Нұрмұхамбетова (75 кило) мен Александра Аборневаға (+75 кило) тең келер ешкім табылмады. Фархад Харки (62 кило) күміс алса, Евгений Естафьев (85 кило) пен Ибрагим Берсанов (+105 кило) қолаға қол созды. Қорытынды есепте отандастарымыз (3 алтын+1 күміс+2 қола) үшінші орынды еншілесе, бірінші орынды Солтүстік Кореяның (4+3+2 қола), екінші орынды Иранның (4+1+2) зілтемішілері жеңіп алды.

2015 жылы Таиландтың Пхукет қаласында өткен жарыста Айдар Қазов (77 кило), Ермек Өміртай (85 кило) және Рүстем Сыбай (94 кило) бас жүлдені олжаласа, Әсем Садықова (58 кило), Фаина Сыбанбаева (63 кило) және Майра Файзолаева (69 кило) қола медальді мойындарына ілді. Осы нәтижемен жерлестеріміз жалпы есепте екінші орынды иеленді. Алдымызда тек Қытай құрамасы. Аспанасты елінің өкілдері 6 алтын, 3 күміс және 1 қоланы қоржынға салды.

2016 жылы Ташкентте өткен жарысқа Қазақстаннан қосалқы құрамдағы зілтемішілер аттанды. Өйткені белді спортшыларымыз Рио Олимпиадасына даярланып жатты. Бапкерлер олардың еш алаңсыз жаттығуына кедергі жасамауды құп көрді. Өзбекстанның бас шаһарында отандастарымызға бір алтын ғана бұйырды. Оның иегері – 85 кило салмақ дәрежесінде сынға түскен Денис Уланов. Нәтижесінде, Жапония, Моңғолия және Қырғызстанмен бірге 6-9 орындарды өзара бөлістік.

2017 жылы допинг дауының өршуіне байланысты Түрікменстанның астанасы – Ашғабадқа үш зілтемішші ғана аттанды. Солардың арасынан 69 кило салмақтағы Альберт Линдер суырылып шығып, алтын медальді олжалады. Жалпы есепте біздің команда жетінші орынға табан тіреді. 2018 жылғы жағдай да дәл солай болды. Санаулы ғана спортшыға сенім артқан Қазақстан құрамасы Қытайдың Нинбо қаласынан үш қоламен оралды. Бұл жүлделердің иегерлері – Арли Чонтей (55 кило), Денис Уланов (81 кило) және Раушан Мешітханова (81 кило). Командалық есепте 14-орынды қанағат тұттық.

Ташкентте шымылдығы түрілген Азия чемпионатында басты үміт әлемнің үш дүркін чемпионы, Азия ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері Зулфия Чиншанло (55 кило), әлем чемпионатының күміс жүлдегерлері Арли Чонтей (55 кило) мен Игорь Сон (61 кило), осыған дейін де Азия біріншілігінде үздіктер санатынан көрінген Раушан Мешітханова (87 кило) мен Ибрагим Берсанов (109 кило) сынды сақа спортшыларға сенім артылуда. Одан бөлек, жастайынан жасындай жарқылдап, өз қатарластары арасында қарсылас шыдатпай жүрген 17 жастағы Рахат Бекболат (102 кило) та қалың топтың арасында қалып қоймайды деп үміттенеміз.

Ал Азия чемпионатында Қазақстанның намысын қорғайтын ауыр атлеттердің толық тізімі мынадай:

Ерлер: 55 кило – Абылай Әуелханов пен Арли Чонтей, 61 кило – Игорь Сон мен Алексей Дроздов, 67 кило – Сайрамкез Ақмолда, 81 кило – Александр Уваров, 89 кило – Нұрғиса Әділетұлы, 102 кило – Артем Антропов пен Рахат Бекболат және 109 кило – Ибрагим Берсанов.

Әйелдер: 55 кило – Зулфия Чиншанло, 64 кило – Гүлнұр Ыбырай, 71 кило – Екатерина Быкова мен Айша Омарова, 81 кило – Карина Құзғанбаева, 87 кило – Раушан Мешітханова және +87 кило – Айзада Мүптілда.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

АППК - УНИКАЛЬНЫЙ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЙ АКТ

С 1 июля 2021 года будет введен в действие Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (далее – АППК), он состоит из двух частей: административные процедуры и администрат-ративное судопроизводство, в связи с этим уже с 1 июля 2021 года силу утрачивают законы «Об административных процедурах» и «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц», также прекратит свое действие ряд норм Гражданского процессуального кодекса, включая главы 27 - 29, и нормы других кодексов и законов связанные с введением административной юстиции.

АППК представляет собой уникальный законодательный акт, который впервые был принят в истории независимого Казахстана, регулирующий порядок проведения административных процедур, включая и внутренний порядок в государственных органах, а также порядок разрешения споров по публично правовым отношениям в судах.

В развитых странах административные суды являются авторитетными, а решения судей влияют на качество работы государственных органов, где чиновник понимает, что суд в последующем будет «ревизировать» его решение через призму защиты прав гражданина. Такова цель административной юстиции. Поэтому там и уровень доверия общества высок как к государственному аппарату, так и к судам.

В АППК закладываются новые для национального законодательства принципы: охраны права на доверие, соразмерности, приоритета прав, запрета на злоупотребление формальными требованиями, активная роль суда, разумный срок судебного разбирательства и другое. Вводятся также и такие новые правовые категории, как административный орган, административный акт, административное действие (бездействие).

- охрана права на доверие, т.е., доверие участника административной процедуры к деятельности административного органа, должностного лица охраняется законами;

- запрет злоупотребления формальными требованиями, т.е., административному органу, должностному лицу запрещается отказывать в реализации, ограничивать, прекращать право участника административной процедуры, а также возлагать на него обязанность с целью соблюдения требований, не установленных законодательством;

- принцип приоритета прав, это когда все сомнения, противоречия и неясности законодательства об административных процедурах толкуются в пользу участника административной процедуры;

- активная роль суда, под этим стоит понимать, что суд, не ограничиваясь объяснениями, заявлениями, ходатайствами участников административного процесса, представленными ими доводами, доказательствами и иными материалами административного дела, всесторонне, полно и объективно исследует все фактические обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения административного дела; по собственной инициативе или мотивированному ходатайству участников административного процесса собирает дополнительные материалы и доказательства, поэтому суд вправе высказать свое предварительное правовое мнение по правовым обоснованиям в рамках рассматриваемого дела.

Кроме того дает понятие административному органу и подразумевает не только государственный орган, но и иные субъекты, наделенные полномочиями в области государственного управления (саморегулируемые организации и т.п.). Сами административные акты будут подразделяться на благоприятные – предоставляющие новые права, прекращающие обязанности, улучшающие положение и обременяющие – прекращающие права, возлагающие обязанности, ухудшающие положение.

Марлен КИРГАБАКОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ ЗА 1 КВАРТАЛ

На прошедшей неделе и.о. председателя Алматинского областного суда К.Ж.Досымбет, в режиме онлайн, провел расширенное совещание по итогам отправления правосудия судами Алматинской области за первый квартал 2021 года.

В совещании приняли участие председатели судебных коллегий и судьи областного суда, председатели районных судов (онлайн) и руководство Администратора судов области.

С докладами о проделанной работе судов по отправлению правосудия выступили председатели судебных коллегий.

Спикером выступил исполняющий обязанности председателя судебной коллегии по уголовным делам Е.Кутпанбаев, который привел статистические данные по рассмотренным уголовным делам судами Алматинской области.

Так, за 3 месяца 2021 года в производство судов области поступило 646 дел в отношении 841 лица, что меньше на 227 дел или 27% чем за аналогичный период 2020 года.

Рассмотрено 548 дел в отношении 678 лиц, наблюдается снижение на 22%, возвращено прокурору 49 дел.Вынесено 32 частных постановления, остаток неоконченных 316 дел. Всего осуждено 543 лица, из них к лишению свободы – 115. Анализ рассмотренных уголовных дел показывает, что 21 лицо осуждено за совершение особо тяжких преступлений. Из 548 рассмотренных уголовных дел, 145 совершены лицами в состоянии алкогольного опьянения.

Также Е.Кутпанбаев затронул вопросы:

1) необоснованного возврата дел прокурору по статье 323 УПК РК;

2) соблюдения сроков рассмотрения уголовных дел, так в некоторых районных судах, судьи рассматривают дела свыше шести месяцев (9 уголовных дел в отношении 26 лиц). Отмечено, что большинство таких дел находятся в Талдыкорганском городском суде.

В свою очередь, судьи, рассматривающие эти дела, поясняют это тем, что по каждому такому рассматриваемому делу возникают разные ситуации. Появляются и непредвиденные обстоятельства, неявка свидетелей или же назначение новой экспертизы по делу. Все это приводит к отложению процессов на более поздние сроки и требует тщательного, детального изучения дел.

К.Досымбет: «Максимально в кратчайшие сроки устраните эти недостатки, незамедлительно выполняйте возложенные на себя обязательства по отправлению правосудия. Вы не должны забывать, что за этими уголовными делами стоят люди и их близкие, которые ждут окончательного вердикта суда. Если в ближайшее время не изменится положения, ставлю вас в известность, что будем ставить вопрос о привлечении вас и ваших непосредственных председателей к дисциплинарной ответственности», - сказал он.

Далее он отметил, что за первый квартал 2021 года наблюдается увеличение гражданских споров.Так, в производство судов области поступило 540 дел и 11 246 заявлений, всего – 11 786, увеличение отмечается на 1909 дел и заявлений или 16%.Большую долю исков составляют споры по бракоразводным процессам и взысканиям сумм по микрозаймам населения.

Подводя итоги совещания судьям было указано на необходимость исключения волокиты при принятии и рассмотрении гражданских дел, соблюдения требований Нормативного постановления ВС РК от 8 декабря 2017 года "О некоторых вопросах применения судами норм уголовно-процессуального законодательства по поступившему уголовному делу".

Обращено особое внимание на важность дальнейшей усиленной работы по предупреждению коррупции в судах, и для этого, в число приоритетных задач в работе ставится – открытость и гласность судов, судебных процессов.

В заключении, К.Досымбет напомнил о важности соблюдении строгих санитарно-эпидемиологических норм.

Самат АВГАНОВ,пресс-секретарь
Алматинского областного суда

ПРИНЯТИЕ СУДОМ ИСКОВ

Принятие судом исков по которым возможно или не возможно заключение медиации:

ШАГ 1 - Поступление исков в суд (электронный или бумажный вариант);

ШАГ 2 - Регистрация заявления (исковое заявление);

ШАГ 3 - Проверка на критерии «упрощенное (письменное) производство» «банковские споры», «ответчик является иногородним»;

ШАГ 4 а- Распределение заявлений (АРД) судье медиатору вручную;

Шаг 4 б - Распределение заявлений (АРД) по общим правилам;

ШАГ 5 - Поступление заявлений судье-медиатору в папку «Мои дела» во вкладку «Ожидают принятия»;

ШАГ 6 - Рассмотрение судьей-медиатором заявления по примирению сторон (в течении 5 рабочих дней);

ШАГ 7 - Результат рассмотрения (на 5-ый рабочий день)

Если есть желание сторон принять участие в примирительных процедурах в сроки более пяти рабочих дней

ШАГ 8 - Принятие заявления в свое производство (выносит определение)

ШАГ 8 а - В случае отказа от примирительных процедур хотя бы одной из сторон составление судьей справки для перераспределения другому судье вложение ее в ИС «Төрелік»

ШАГ 9 - Автоперераспределение заявлений в случае невозможности примирения сторон с указанием причины перераспределения «Иные причины».

Агзам АБДРАХМАНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЯЗЫК

МЕРЫ ДЛЯ ШИРОКОГО ПРИМЕНЕНИЯ

Являясь важнейшим средством коммуникации и выражения мысли, язык служит инструментом постоянного, активного освоения мира человеком и превращения опыта в знание. В основе этого процесса лежит номинативная деятельность людей, которая представляет собой целостную, системно-содержательную языковую интерпретацию действительности, создание особого информационно-языкового видения мира.

На сегодняшний день формирование условий развития государственного языка является одной из стратегических задач дальнейшего развития страны. Национальный язык- это не просто способ выражать свои мысли с помощью речи, но и душа народа. В нем находят свое отражение истоки нации, ее история и обычаи.

В связи с обретением казахским языком статуса государственного заметно изменились и его роль и функции в различных сферах науки. Особенно стала отмечаться роль казахского языка в процессе терминологизации, т.е. все больше стали использоваться в качестве терминов исконно казахские слова. Интернациональные термины стали заменяться казахскими вариантами, возросла активность архаизмов, пассивных слов и т.д. Таким образом казахское терминообразование стало на новый путь развития, так как оно было продиктовано требова¬ниями нового времени в истории независимого государства.

Сегодня перед населением страны поставлена высокая, но непростая цель. Овладеть тремя языками: казахским, английским и русским. Задача исключительно важная для дальнейшего развития. Наиболее трудная проблема, как показывает история многих постсоветских стран, овладение государственным языком. По этому поводу на мой взгляд казахский язык безусловно должен знать каждый гражданин Казахстана, так как государственный язык- основной атрибут суверенного Казахстана.

И об этом многократно высказывал Первый Президент Республики Казахстан – ЕлбасыН.А.Назарбаев подчеркивая, что «Государственный язык — это язык, объединяющий все народы Казахстана», «Будущее Казахстана — в казахском языке», «Пусть казах с казахом говорит на казахском языке», «Первый механизм укрепления нации — это язык», «Родной язык — это родной язык для нас всех, так как — это язык всей нации».

Сегодня востребованность казахского языка является фактом, который не требует аргументов или каких-либо доказательств. Кроме этого, становится очевидным, что параллельно с повсеместным овладением государственным языком возрастет роль и значение казахского патриотизма, основанного на чувстве национальной гордости.

Алгатай ЖАНДАРБЕКОВ,
заведующий канцелярией Талдыкорганского СМАС.

СУДЫ ОНЛАЙН

АВФ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕССОВ

Преимущества системы аудио-, видеофиксация судебных процессов очевидны. Во-первых, аудио-, видеофиксация(далее - АВФ) судебных процессов в реальном времени дисциплинирует всех участников: судью, гособвинителей, адвокатов, а также стороны. Во-вторых, при возникновении спорных моментов, не разрешенных в ходе процесса и вызвавших неудовлетворенность, обе стороны могут обратиться к электронной записи, чтобы убедиться в своей правоте или неправоте. В-третьих, система АВФ служит своего рода страховкой для судей и других лиц, осуществляющих свои служебные полномочия на процессе, в случае преднамеренного оговора или похожих ситуаций. И, наконец, фиксация судебного процесса минимизирует непроцессуальные контакты, а это одна из мер антикоррупционной политики судебной системы.

Одним словом, внедрение АВФ упростит процесс отправления правосудия, позволит оптимизировать и автоматизировать судопроизводство и экономить бюджетные средства. Будут исключены территориальные и организационные барьеры в отправлении правосудия, соответственно, повысится и международный рейтинг республики.

Участники заседания посредствам онлайн-сервиса «Судебный кабинет» могут скачивать записи АВФ. Оперативно просмотреть ход судебного разбирательства можно и по мобильной версии данного сервиса.

Проведение дистанционных судебных заседаний посредством видеоконференцсвязи со следственными изоляторами, исправительными, медицинскими учреждениями позволяет рассматривать уголовные дела без этапирования подсудимых, находящихся в следственных изоляторах и местах лишения свободы. Новации позволят экономить бюджетные средства и исключать непредвиденные риски.

Внедрение АВФ судебных процессов – наглядный результат отвечающего вызовам времени правосудия, основанного на верховенстве закона. Мобильного, прозрачного, доступного.

Введение аудио-, видеофиксации (АВФ) всех судебных заседаний в судопроизводстве иключает возможность приостановить или редактировать запись. На сегодня всех залах судебного заседания СМЭС оснащены системами аудио-, видеофиксации судебных процессов, что обеспечивает полноту и качество протокола судебного разбирательства.

Эльмира КЫДЫРАЛИНА,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ТАНЫМ

Есенғали РАУШАНОВ: «ЕШТЕҢЕ ЕТПЕЙДІ, ОЛ АҚЫН ҒОЙ...»

Қазақтың көрнекті ақыны Есенғали Раушановтың республикалық БАҚ беттеріне берген сұхбаттарында айтқан әдебиет, өнер, өмір туралы ойларын жариялауды жөн көрдік.

♦ ...»Ештеңе етпейді, ол ақын ғой». Осы тіркестегі «ақынның» орнына «инженер», «зоотехни», «педагог», «философ» деген кәсіби атауларды салып оқып көріңізші, сізге қайдам, меніңше жараспайтын секілді.

♦ ...Ақындар жұрттың бәрі қателеспеуге көшкен кезеңдерде қателесіп жүретін халық. Жұрттың бәрі жаңылыс баспауға тырысатын мезгілдерде өзі барып отқа ұрынып жүретін ел. Сондықтан болар, ескіше айтсақ "Шарқ жериятында" (Шығыс поэзиясында) ақындардың бәрі – дерлік өздерін жынды көбелек – пәруанаға теңеген.

♦ ...Қай кезде де поэзияның басты міндеттерінің бірі – қоғамдық ойдың қозғаушы күші болу.

♦ Поэзияда жаңалық жоқ. Сен қолтаңба туралы айтып отырсың, қолтаңба қайдан болады, жаңалықтың өзі жоқ! Өзі болмайтын себебі, біз оларды салғаннан мақтадық. "Қандай керемет, не деген Фажап!" деп, сайттан сайт қоймай, газеттен газет қоймай, мақтаумен болдық. Ешқайсысы сыналған жоқ. Нәтижесінде, әдеби өлімге пара-пар жағдайға тап келіп отырмыз. Мен пессимист емеспін, бірақ, әдебиеттің қазіргі ахуалы оптимистік ойға жетелемейді.

♦ Мен өзімнен бұрынғыларды көп оқыдым. Жақсы көретінім де содан. Бірде Тұмағаң "Қалай ойлайсың, мен өлген соң мына Мұқаш ағаңа (Мұқағалиды айтады) қойғандай маған да ескерткіш қоя ма?" деп сұрады. Төбемнен мұздай су құйып жібергендей болды. "Сіз өлмейсіз!" дедім тура Құдайдың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі секілді. Сол жолы "Әй, шырағым-ай, ондай сөзге сенетін кезден мен өтіп кеттім ғой, қоймаса қоймасын, тек Дәуренді қорламаса екен бүйтіп..." деп жалғыз ұлының болашағы үшін қорқып, көзі жасауаған қайран ағамның көңілін көтерейін деп, біздің ауылдың бір әңгімесін айтып бердім.



♦ Мен газет, TV, спорт және маса мен есектің неге керегі барына түсінбеймін

♦ Дүниеде ең жаман адамдар – әдебиетке қатысы бар адамдар. Өсек те, өтірік те, абыройсыздық та, нысапсыздық та соларда. Әдебиетке келу деген – о баста бір албасты күйеуге тиіп, содан құтыла алмай жүрген әйелдің күйі сияқты.

♦ Интеллектуалды поэзия деген поэзияның сүйкімдісі емес. Әрі-беріден соң, ол скучная поэзия. Екінің бірі оқи алмайды. Шахановты оқырманы, дұрысы тыңдарманы көп ақын дедік қой. Ал бұл оқырманы ең аз, тыңдарманы одан да аз поэзия. Бірақ, ол – поэзия!..

♦ Өлең деген 30-ға дейін жазылады. Сосын сирексиді. Жас кезде жазған жақсы. Одан да маңыздысы – жас кезде оқыған жөн. "Аз жаздым" деп емес, "аз оқыдым" деп өкіну керек.

♦ Асылы, адам шамасы келетін, өресі жететін іспен айналысуы керек. Өлеңде бүгінгі прозадағыдай, бүгінгі журналистикадағыдай, не заманауи әдебиеттанудағыдай орта тұс деген болмайды. Өлең не бар, не жоқ. Осы екеуінің біреуі.

♦ Орта туралы ойланбаймын. Себебі, біріншіден, ол ортаның маған керегі жоқ. Ортаға менің де қажетім шамалы болуы керек. Сондықтан орта деген нәрседен шет қалдым. Мен өзіме керек әлемді өзім қиюластырып жасап алған адаммын. Қолдан жасадым. Саналы түрде. Өмірімнің аяғына дейін оқитұғын кітаптарым да өзіме аян. Олар менде бар. Басқа ортаның неге керегі бар?

♦ Ақындардың қолтаңбасы дегенге қайта оралсақ. Өткенде Гүлнәр Салықбаеваға "Жазушы" баспасының "Жылдың үздік ақыны" деген сыйлығын бергіздім. Сол жерде де айттым, тағы қайталап айтайын, мың-сан өлеңді араластырып, қопарыстырып жіберіп, ішінен суырып алған уақытта да Гүлнәрдің өлеңін тануға болады. Сол сияқты сонша өлеңнің ішінен Темірханның, Серік Ақсұңқарұлының, Жәркен Бөдештің немесе Аманхан Әлімнің, Тыныштықбек пен Ұлықбектің өлеңін жаңылыспай тауып алуға болады. Ал кейінгі жастар инкубатордан шыққан сияқты. Бәрінің өлеңі жақсы. Бірақ, керемет емес. Сондықтан мен оларды ақындар деп емес, оқырмандар ретінде бағалауға бейіммін. Не, оқырман болу жаман ба?

ПСИХОЛОГИЯ

ЖЕКЕ ШЕКАРАҢДЫ ГҮЛ СЕКІЛДІ ҚОРҒА

Бір күні данагөй қарттың алдына бір сұлу қыз келіп, ақыл сұрайды. Еңіреген етегі толып:

– Қария, айтыңызшы, мен не істесем болады? Үнемі елдің бәріне жақсылық жасаймын, ешкімді ренжітпеймін, қолымнан келсе көмектескім кеп тұрады. Ал олар мені, керісінше, аяққа таптап, мазақ қылып, ренжітуден басқаны білмейді. Менің түк кінәм жоқ. Ақыл-кеңес айтыңызшы! – дейді.

Ақсақал алдындағы аруға күлімсірей қарады да:

– Бастан-аяқ шешін де, сол күйіңше далаға шықшы, – дейді.

– Ақылдан адастыңыз ба? – деп өз көзіне өзі сенбей, таңдана қарады. – Одан ары күлкіге қалып, абыройым айрандай төгілмей ме?

Сонда қария кідірместен қыздың алдына айна әкелді де:

– Көрдің бе, елдің алдына дененді жалаңаштап шығуға қорқасың. Онда неге жаныңды жалаңаштаудан қорықпайсың? Мына есіктей жаныңды айқара ашып қойған соң, кез келген кіріп, ойына келгенін істейді. Мейірбандығыңды көрген жұрт «жуас түйе жүндеуге жақсы» деп, саған оғаш қылық көрсетеді. Өзінен жақсырақ адам барын мойындау көбінің қолынан келмейді.

– Енді не істеуге болады? – деп жанарын төмен салды бойжеткен.

– Жүр, саған бақшаны көрсетейін. Мен мына гүлдерді қанша жылдан бері суарып келемін. Алайда қанша жерден жұпарын иіскеп, ләззаттансам да, олардың қалай гүл жарғанын бір рет те көрмеппін. Сен де осы гүл сияқты бол. Адамға жүрегіңді ашқанда ақырын ғана, байқатпай аш. Алдымен сенің кең пейіл көңіліңе кім лайық, кім сенің шын жанашырың, сенің жүрегіндегі гүлді суаратын жан қайсысы, ал жапырағыңды жұлып, топырағыңды таптайтын қай адам – осыған көз жеткізіп ал.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

КӨКТЕМГІ СӘН – 2021: ТОҚЫМА ЖИЛЕТ

Бүкіләлемдік пандемия күнделікті тұрмысқа ғана емес, көптеген адамның өмірге деген көзқарасына да әсер етті.

Мысалы, қыста ғана сән әлемі Кендалл Дженнердің инстаграмдық тренд киімдерден бас тартып минималистік The Row стиліне қарай ауысқанын талқылаған еді. Кейін оны қайталағандар аз болмады. Енді модельдің осы көктемгі ұстанымына да қызығушылар легі бірден лап етіп отыр. Нақтырақ айтсақ, Кендалл соңғы кездегі стрит-стайл арқылы сәнқойларды 1970-ші жылдарға саяхаттауға шақырғандай болды.

Ол Нью-Йорк қаласының көшелерінде түрлі түсті трикотаж жилет, хаки түсті шалбар мен классикалық лофер киіп серуендеп жүрген жерінен фотографтар көзіне түсті. Burberry багет сөмкесімен толықтырылған мінсіз образ әлеуметтік желіде трендке айналып үлгерді. Бұл қыстағы минималистік бағыттан ауытқу болғанымен, көктем кезінде киюге жарасып-ақ тұр.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ МЕН КӨК ШАЙДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Жапон ғалымдары қант диабетіне шалдыққандарға көк шай мен кофенің пайдасы мол екенін айтады. Бұл жайлы зерттеуді ғалымдар BMJ Open Diabetes Research & Care журналында жариялаған екен.

Ғалымдардың дерегіне сүйенсек, көк шай мен кофе қант диабетінің 2-типіне шалдыққандарға өте қажет. Мұндай тұжырымға олар диабетпен ауыратын 5 мың адамға тәжірибе жасау арқылы келген. Ғылыми бақылауды 5 жыл бойы жүргізген.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, күніне 1 шыны көк шай ішкендердің өлім жағдайы 15%-ға, 2-3 шыны ішкендер – 27%, 4 шыны ішкендер – 40% кеміген. Күніне 1 шыны кофе ішкендер 19%, 2 шыны ішкендер – 4% азайған.

Ал көк шай мен кофені кезек-кезек ішкендердің көрсеткіші одан да жоғары болған екен:

– Күніне 2-3 шыны көк шай мен 2 шыны кофе ішкендердің өлім жағдайы 51%-ға;

– Күніне 4 шыны көк шай мен бір шыны кофе ішкендер – 58%;

– Күніне 4 шыны көк шай мен 2 шыны кофе ішкендер – 63% дейін азайған.

Ғалымдардың айтуынша, зерттеу бақылау арқылы жасалғандықтан, адамның өмірі кофе мен көк шайға тікелей байланысты дегенді білдірмейді. Алайда көк шай мен кофенің құрамында антиоксидант пен қабынуға қарсы тұрар компоненттер бар. Ерте өлімнің алдын алуға көмектесетін осылар болуы мүмкін.

Материалдар «massaget.kz» сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: К. ПФАЙФЕР

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 410
Индекс 15534